

**Мәйда Жұмашқызы**

**Ана жүрек**

**Қарағанды 2016**

Мәйда Жұмашқызы

*Ана жүрек*

Қарағанды 2016

Пікір жазғандар

Қалиев. А.А - Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ-нің «Қазақ тілі білімі» кафедрасының доценті ф.ғ.к.

Жарылғапов Ж.Ж. - Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ-нің «Қазақ әдебиеті» кафедрасының профессоры ф.ғ.д.

Автордың төртінші шығармашылық еңбегі танымдық әрі эстетикалық құндылығы - жас ұрпаққа үлкен үлгі-өнеге болары сөзсіз. Қазақтың тілі сұлу, қонымды да толымды тіл. Сол тілді кестелеп өріп, өрнектеп, өлмейтін, өшпейтін ғажайыптар тудырған, асыл мұра, қазынасы сарқылмас алтын сандық - ауыз әдебиеті мен жазба әдебиеті үлгілеріне сүйенген.

---

## Ақын жүректі жан

Көне дәуірден күні бүгінге дейін әлем жұртшылығына әйгілі түрік руханиятының өршіл өзені өз ағысымен ағуда Соның арналы бір саласы қазақ әдебиеті десек, артық айтқандық емес. Талай ғасырларға созылған осынау рухани көште небір дүлдүл ақын-жыраулар, сал-серілер, жазушы-журналистер өз еңбектерін қалдырады. Қаламынан құс ұшырған сол бір рухани сарбаздардың бір шумақ өлеңі болсын, том-том жинағы болсын, әйтеуір, қазақ руханиятының уығын көбейтіп, керегесін кеңейткені мәлім.

Адамзат даналығында: «теңіз тамшыдан құралады» деген ғажап сөз бар. Осы тұрғыдан келгенде, менің қолыма бүгін баспаға бара жатқан бір жинақ түсті. Әр өлең-жырларын жинақтап, тұтастық танықтан бұл кітаптің авторы: Мәйда Жұмашқызы деген ақын жүректі жан екен.

Жинақтың аты «Ана жүрек» деп аталыпты. Еңбектің тақырыптық аясы, мазмұндық салмағы, құрылымдық жүйесі бір-бірімен үйлесіп, қиюласып тұр. Әр жылдары жазылған өлең өрнектерде замана ағымы, кезең көрінісі, өмір тынысы, уақыт бедері айқын аңғарылады.

Аталмыш еңбектің танымдық әрі эстетикалық құндылығы - жас ұрпаққа үлкен үлгі-өнеге болары сөзсіз. Қазақтың тілі сұлу, қонымды да толымды тіл. Сол тілді кестелеп өріп, өрнектеп, өлмейтін, өшпейтін ғажайыптар тудырған, асыл мұра, қазынасы сарқылмас алтын сандық - ауыз әдебиеті мен жазба әдебиеті үлгілеріне сүйенген.

Тұжырымда айтқанда, «Ана жүрек» атты бұл жинақ әр оқырманға, әр қазақ баласына қажет боларлық дүние. Рухани сұранысымызды өтеуге талпынған зерделі еңбектің бірі. Ендеше, ақ жол тілеп, сәт-сапар дейік!

Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ-нің  
«Қазақ әдебиеті» кафедрасының  
профессоры ф.ғ.д. Жарылғапов Ж.Ж.



## **Айтар ойы айқын, тілі көркем**

Қазақ халқы ежелден-ақ сөзді, сөз өнерін ерекше қадірлеп, оны ұрпақтан - ұрпаққа үзбей жеткізіп отырған, «Өнер алды - қызыл тіл», деп сөзге үлкен мән бере қараған. Өзінің кеңдігін де, кемеңгерлігі мен көсемдігін де, қонақжайлығы мен мырзалығын да сөзге сыйғызған жұрт. Оның тарихы мен тағдыры да, тіл мен тәрбиесі де, даналығы мен дала көңілі де осында жатыр.

Кітапқа арқау болған негізгі мәселе - ұлттық рух пен қазақы болмыстың ақын шығармаларындағы алатын орны.

Дәйекті тұжырым, дәлелді ойлар, тың мағлұматтар ақынның осы еңбекке жан-жақты, тыңғылықты дайындықпен келгенін көрсетеді.

Ақын жырлары Отанға, қоғамға қажеттілігін, халқымыздың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын бейнелей алған. Жас буынды, болашақ ұрпақты патриоттық тәрбиеге баулитын азаматтық лирика аталмыш туындының негізгі өзегі, алтын арқауы.

Жұмыстың тілі көркем. Айтар ойы айқын. Сөйлем құрылымдары көңілге қонымды.

Көп жылдар ақын көкейінде сақталған түйткілді ойлар мен сындарлы тұжырымдар бейнелі тілмен көпшілікке ұсынылған.

Қорыта айтқанда, М. Жұмашеваның бұл кітабы тақырыптық тұрғыдан және идеялық мазмұны жағынан жақсы ашылған.

Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ-нің  
«Қазақ тілі білімі» кафедрасының  
доценті ф.ғ.к. Қалиев. А.А

Бисмиллаһи р-рахман р-рахим  
Изгілікті сөзі Алла құран жиын  
Имам ағзам Әбуханифа мәзһебінен  
Бір Алланың құлы боп хаққа сиын

### **Сөз бастауы ақиқат**

*Оқырман қауым!*

*Ана жүрегінің рухы өлседе өшпейтін сезім. Соған орай жаңа туынды кітабымды «Ана жүрек» деп атауыма себепші – менің 16 жасымда өмірден 49 жасында ерте кеткен Рысбайқызы Ырымтай анамның естелікті ақыл кеңес сөздері, мейрім төккен көздері әлі күнге көз алдымда. Жетімсіздік кездегі ұқсатылымдылығымен жетпегенді жеткізе білген бес саусағынан өнер тамған өмірдің өрімін өрген өнерлі, жас болса да ақылдың кені, жетім жесірге деген қамқорлығы, туыс туғанның сүйікті данасы, сыйлы анасы діндәр жан болған еді. Менің де жастай санама сініп қалғандай жас кеткен анамның аруағына дұғамды арнап сыйына жаны жәннәтта болуын тілей отырып осы туындыма себепші болғандай, шабыты артып, жаным шалқып бір сезім жетегіне ергендеймін.*

*Менің қартайсамда өлшеусіз ана мейрім шуағын жас күнімдегіндей аңсап естеліктей жаным сақтау, келешек ұрпаққа ертегі аңыздай болғанмен ана атын мәңгі көкрегін көрік етіп, жебеушідей серік етсе өлседе ана бақыты сол емеспе. Анаға деген асыл сезім туындыма тиек етуім, келешек ұрпақтарға ізгілік жолындағы адамгершілік қасиеттер өшпесе деген аналық ақниетпен аманат қалауым. Осы кітабымды зейін қойып оқыса туындым текке кетпес деймін.*

*Келешектің ұрпақ үшін өрісін, құбылыстың терісін туындыма негіз еттім. Оқырман түсіне білсе екен. Туындыма себепші болған осы кітабимді ана рухына арнай отырып, иманы жолдас, орыны жұмақта болсын деп отырған кәрі әже Мәйда Жұмашқызы.*

Автор

---

Бірінші бөлім

*Сезім туындылары*

---

## **Ана жүрек**

*Ана жүрек тіршіліктің жүйесі  
Алла сөзі ана ауыр киесі  
Ана жүрек қойнауы кең алқабы  
Үйткені ана бар әлемнің иесі.*

*Тіршілікке нәр берген ана қуат  
Алпыс екі тамырлы ағын суат  
Онсегіз мың ғаламнан теңеу таппай  
Ананың табанында жатқан жұмақ.*

*Ұланғайыр кең дүние ана жүрек  
Тіршіліктің діңгегі ана тірек  
Дауасы табылмаса ұрпақ үшін  
Сан етін кесіп берер соңын тілеп.*

*Ана жүрек махаббат туындысы  
Кіршіксіз таза алтын мейрім күші  
Ұрпағы үшін әлемді қаймықтырған  
Қанатымен су сепкен алып құсы.*

*Жүктеген парызы ауыр ару ана  
Шуақ нұры төгілген мейрім дара  
Жүрегінің дүрсілі тасқын судай  
Отқа суға түсердей саған бола.*

*Ана жүрек нұрлы сәуле таң шуақ  
Сусындатқан тап-таза мөлдір бұлақ  
Үш әріптің атауы құдіретті ат  
Үйткені сол атаулы тіршілік бақ.*

*Ұрпақ үшін төгілген мейрім шуақ  
Түн ұйқысын төрт бөлген сәби жылап  
Ана жүрек толағай тау көтерген  
Жүрседе кешірімді, жанғой қылап.*



---

Тоғыз ай нәрін берген құрсағында  
Ашқызған дүние есік дер шағында  
Алланың өзі қойған ана атын  
Мағлұмат көп дәрісті сөз ағымда.

Ана жүрек өмірдің бар тынысы  
Сезімі айналы аспап шынысы  
Алдын ала сезетін ана жүрек  
Теңеу таппас сезімнің ең ұлысы.

Бесік жырын әндету саналы жыр  
Ақ бесікте тербеліп, үйренген тіл  
Еміреніп ақ сүтін емізгенде  
Бар тамырын идірер аналық нұр.

---

## Бақыт іздеп.

Жыр қойнаудың тереңіне енемін  
Исі аңқыған жыр гүлдерді теремін  
Кең тыныстап ұшқыр ой жетегінде  
Қилы тағдыр өткелімен келемін.

Қыр асып төрт кезеңді белестерден  
Арыла алмай күңгірт ой елестерден  
Ілгері басқан сайын жүрексініп  
Бағытымды жыр өлке теңестірген.

Өлеңнен өрім өріп уақыт озды  
Шабытымның шалқары қолын созды  
Артымда қалса деген ұлағат сөз  
Ой тұрткі санамдағы дертім қозды.

Кетсем деп енді артыма қарайламай  
Өсіп өнген ұрпақтар, туыс маңай  
Тура жолмен келемін ізгілікті  
Бақыт іздеп ағарған шашпен самай.

Өлең деген ақынның сөз құралы  
Ұрпақ жалғар келешек із ғой әрі  
Ізденісті ұлы жол дарын ие  
Өз бақытын тапқандай ақын кәрі.

Қартайғанда ой бөлек, ізденіс жоқ  
Ақын деген мазасыз басқандай шоқ  
Оңаша өз ойымен арпалысып  
Ой еркіндік басқада жұмысы жоқ.

Мен бақыттың өлкесін араладым  
Өмір өткел жолдарын сараладым  
Елу жылда ел жаңа өзгерді өмір  
Тек ынтымақ бірлігің жоғалмағын.

## Ұнатам.

Көз жұмулы ой толқынын ұнатам  
Көкірегімде жыр шумағын ширатам  
Түн ұйқымды төрт бөліп қысқа таңда  
Дәріс беріп оятқандай жыр атам.

Ой өрбіген оңашаны ұнатам  
Түспен өңім араласып құба таң  
Жыр атымның ұстай алмай тізгінін  
Асау аттан кейде өзімді құлатам.

Ақ ниетті адалдықты ұнатам  
Тура жолдан тайдырмауын сұратам  
Ізгіліктің адастырмас жолында  
Көкірегімді шабытыммен оятам.

Үлгі етердей парасатты ұнатам  
Қалған ғұмыр абройымды сұратам  
Келеңсіздік өмірдің кезеңінде  
Сабырыммен өз-өзімді жұбатам.

Ұнатам алла ұсынған адал жолын  
Ұстаным мұсылмандық хақтың жолын  
Адам түгіл уақытта адасқандай  
Жылдамдығы артқандай, өзге форм.

Ұнатқаным өткенді елестеткен  
Бабалар осы өмірді болжам еткен  
Қауып қатер ойлантып ұрпақ жәйі  
Қайталатпа өткенді қасірет шеккен.

Көпті тілеп мазасыз ойлы зердем  
Ұнатып ізгілікті ойды емгем  
Ұнатам адастырмас баба жолын  
Адалдықты тілеумен халық сенген

---

Ұнатам шын ықылас құшағын  
Сезім бұлтпен араласып ұшағым  
Құбылысты аспан жер құйындатқан  
Тек құдірет алып күші тұсағын.

### **Қос жұртың**

Күрделі өмір кезең қайын жұртта  
Бәйтерек боп жайылар тамыр сыртқа  
Туғандай боп рулы ел ынтымақты  
Өрістеген құдалық қазақ ұлтта

Бірге туған өз жұртың жанашырың  
Жастық шақтың куәсі сан ғасырдың  
Қайын жұртпен мәңгіге ғұмыр кешу  
Өмірден жиып терер бар асылың

Атаулы төрт жұртың бар ара қатыс  
Келешекке түсініп болмау шатыс  
Өмір өзен толқында бірге жүзіп  
Төрт құбыла қос жұртың өмір ағыс

Туғаны бір өз жұртың жанған шырақ  
Тамыр жайған қайын жұрт мәңгі тұрақ  
Түсінгенге қос жұртың түп қазығың  
Құдаласып мың жылдық кетпес жырақ

Ұрпақ үшін аналық ой салғаным  
Келешегін түзеңдер бұл жалғанның  
Жанұяның ұйтқысы ана тұлға  
Жадыға ұстап ұрпақтар таң қалмағың

## **Күншіл болма**

Күншіл болма қарағым ойы бұзық  
Күндес жандай көре алмас ешбір қызық  
Сатып алған аурдың емін таппай  
Арпаласып отырма жоба сызып

Күншілдік жан азабы ауру дерті  
Қатыгездік туындап кетер еркі  
Бақталастық бастауы жұқпалы ауру  
Ойлантпайды ертеңін ішкі өрті

Ұрпақ үшін ана жүрек қалауы  
Ұлылардың таза жан тән жалауы  
Сендер үшін ата-ана тілегі  
Болса екен деп асыл қасиеттер бояуы

Ойландырар аброй ақыл кені  
Үнемшілдік сабырлы дәру емі  
Бақталасып біреуден күншіл болма  
Көрпеңе қарай көсілсе тиер себі

## **Қартайсамда**

Қартайсамда келемін ой құшақтап  
Ұстаппым-ау ойымды мен тұзақтап  
Арпаласып өмірмен қартайыппын  
Өкінішті өткенді әлі жоқтап

Хал ахуалым жеткенше мида салмақ  
Ой тербеген мазасыз ғұмыр жалғап  
Жағалауды жағалап қартайсамда  
Шошайған балықшыдай салған қармақ



---

Уақыт зулап барады асыққандай  
Әлі не тұр алдымда жазу маңдай  
Ырғағымен ән тербеп ана жүрек  
Тыныштығын ел жұрттың тілеп толғай

\*\*\*\*\*

Жанмен тәннің адалдығы ойдағы  
Ой өрісім бірге сөнші бойдағы  
Сырт келбетім қарапайым анамын  
Сапырысқан санам толы қайдағы

Компьютерлік басқару жылдамдатқан  
Дәуірдеміз тетік тіл жылдам оқтан  
Адамзаттың ғұмыры қысқарғандай  
Уақытқада жылдамдық мөрін соққан

Ілгері басқан сайын зерделедік  
Әліде баба сөзін көзге ілмедік  
Ұлы ғасыр ғұлама болжап кеткен  
Құбылған сиқырлы өмір заман дерлік

Жазушылық құқым жоқ алған құнды  
Абайда ашынғаннан жазған сынды  
Келешегің интернет ғаламтор деп  
Болмасына кім кепіл өңшең жынды

Тоқтамы жоқ өмірден шайлыққандай  
Дәуірледік дегенмен қорқыныш жағдай  
Кемегіне жалғыздың жүгінеміз  
Ел жұртыңды қорғай жүр өзің қолдай

## Қорқамын.

Жүз құбылған мына өмірден қорқамын  
Қорқынышпен атырғандай әр таңын  
Қойдай қырып бейбіт мына заманда  
Торуылдап дұшпан жүрген ел маңын.

Көз көрді-құлақ естіп зұлымдықты  
Аңдыған жау діңгеде қолын сұқты  
Жүз құбылған замана тұрақсыздық  
Жастарыңды аздырып, есі шықты.

Жетілген ағайыннан қайыр кетті  
Дегендей қарағайдан шайыр кетті  
Тілсіз сыммен басқартып бар әлемді  
Қу түлкідей саясат заман әккі.

Үрейлі өмір бүгін бар ертең жоқсың  
Ертеңіні ойлантпас бүгін тоқсың  
Бағытсыз талай жандар адасуда  
Күй сарыны күңіренгендей Қорқыттың.

Халық жауы жемқорлық тиым көрмес  
Күдіктілер көбейіп адам сенбес  
Ақшаға арын сатқан жауыздықтан  
Ел тағдыры ойыншық жаның төзбес.

Баба болжам соққандай мен қорқамын  
Тұрсамда жол айрықта жер ортаның  
Аласапыран жанталас тірлік қамы  
Тынысы тарылғандай Сарыарқаның.

Сатумен жер көлемі тарылғандай  
Тапқан табыс жетімсіз сабылғандай  
Азуы алты қарыс қасқыр кіріп  
Ортамызда қой тері жамылғандай.

---

Құбылысты өмірден қатты қорқам  
Келе жатқан дауылдан көрінер шаң  
Ынтымақпен бірлік деп абайлаймыз  
Қорқынышқа сезікті толғандай маң

Шошынғандай өткеннің кәрілері  
Болжаусыз не болары күн ілгері  
Қауыпты іргелес ел қанды қырғын  
Қорқынышты зұлымдықтың үндері

### **Кісілігің әдепте.**

Әдепті кісілігің ар ожданың  
Керекті түсіндірме ой қозғағым  
Әдепті кісілікті текке бермес  
Құрсақта жетілдірген бір тармағын.

Өмірдегі сұлулық жан тазалық  
Өз-өзіңді силай біл, қолға алып  
Түсі игіден түңілме-деу осыдан  
кісілікті қайрайтын әдеп шарық

Биік тұрған аброй болашағың  
Кісілігің әдепті ырыс бағың  
Адалдық бет бейнесі келбетінде  
Көргендінің баласы-дейтін шағың.

Заман ағым өзгеріп аралықта  
Мәртебеңді өзгертіп өзің жықпа  
Сәлемдесіп адаммен жөн сұрасу  
Атаң қазақ ізгілік сөзді ұмытпа.

Мәртебесі кісілік кешірімді  
Қатты жаппа кіретін есігіңді  
Дейтін мысал-өмірдің қағидасы  
Ана мейірім тербеткен бесігіңді.

---

Ата-анаға мақтаныш ұрпақ мерей  
Алладан сұрап келем, жүрші демей  
Тілеуқор аналардың бірі едім  
Аялаумен абройды етпей өгей.

Ізгілікті кісілік әдеп мінез  
Бет пердеңді байқастап кезінде сез  
Алдамшы өмір түспегін құрығына  
Тәрбиенің бастауы ұстамды кез.

Біреуге ерсі көрінер әдеп-ғұрып  
Бос сөз көріп тастайды бәрін сырып  
Заман емес, өзгерген адам жаны  
Кісіліктің ұғымы тұрсын биік.

### **Кешірім.**

Төрт мерзім, төрт кезеңді, төрт құбыла  
Уақыт зулап өтуде, жүз құбыла  
Кірпігіңді қаққанша дейтін өмір  
Кешірісу ертеден бар ұғымда.

Кешіргін артығымды ара ағайын  
Туыс туған құдалас бар маңайым  
Үлкен кіші силасқан туғанымдай  
Алдағы өмір белгісіз бақ талайым.

Кешіргін кең дүние елмен жұртым  
Кезеңде бірге өскен қазақ ұлтым  
Кінәсіз адам болмас бұл өмірде  
Өз қолымен ашқансоң өмір құлпын.

Кешіргін көзкөргенім ауылдасым  
Төл құрдас қалжыңдасқан бауырласым  
Туған жер таулы жартас, өзен көлім  
Ақ шашты мен анамын иген басын.

---

Пендеміз ғой бес күндік Фәни жалған  
Мәңгілік сапар шексең бәрі қалған  
Жарық дүние пендеңе кешірім ет  
Төрт асулы кезеңді өткен жолдан.

Кешіргін кезең асқан із жолдарым  
Бар тірлікті атқарған қос қолдарым  
Жұртта қалған бәйтерек тамыр жайған  
Өз қолыммен орнатқан жас талдарым.

Кешіргін төрт мерзімді қыспен жазым  
Оятқан көктем күліп, дала назын  
Күз маужырап табиғат аяласа  
Екі дүние аброймен кетсем жазым.

Алла берген өсірдім өсімімді  
Атқарып тірлік етіп кәсібімді  
Ырзалықпен тілерім баршаңыздан  
Пендеміз ғой болайық кешірімді.

### **Кәрілік.**

Кәрілік жас-аямас ауыр кезең  
Сөйлеген сөзінде артық-бәрін сезем  
Мен ішетін аспа еді-деп қорланған  
Ата-баба өткенін оймен кезем.

Бұл кәрілік ұстайды осал тұстан  
Айналдырып ойынға мысық тышқан  
Жүрек әлсіз, екі аяқ таяқ тіреп  
Жастық шіркін көзіңнен бір-бір ұшқан.



---

Кәріліктің өткелі тайғанақ мұз  
Баптансаңда қалайда өтеді сыз  
Тыныштығың бұзылып, ұйқы қашып  
Күй кешерсің сұққандай инемен біз.

Күй кешірген бағынтып заман осы  
Болмасада дұрыс деп көңіл хошы  
Ауыз ашпай ұрпаққа бас иесің  
Кәрілік қысқа ғұмыр соңғы көші.

Талай жанды кәрілік жеңгендейсің  
Жанмен тәнін ауыртып өңмеңдейсің  
Мойымайын десеңде дәрменің жоқ  
Себеп тауып, өзеуреп келгендейсің.

Кәрілік лауазымды ақыл кені  
Кеменгерлік ұлағат берген шені  
Сынағы барда шығар соңғы сапар  
Адамзаттың біткенше ақыр демі.

Соңғы көш кәріліктің әудем жері  
Ұлағатты тағылым-шыққан төрі  
Белес асқан қария-алып тұлға  
Ғұлама сөз қалдырған ақырғы өрі.

Кәрілік-кеменгері ғұламалық  
Қариядан ұлағат сұрар халық  
Аяласа ұрпағы қариясын  
Өз бергені алдынан шығар анық





---

## **Күт мені.**

Тағдырымды саралап күндер өткен  
Көксегенім ізгі жол шықпау шектен  
Ойлағандай болмайды жазу ғұмыр  
Тағдырға кейде налып, болсада өкпең.

Сүреңсіз өтті ғұмыр сенсіз өткен  
Сен жетпеген белеске жетсем деп ем  
Ризалық мақсатыма жеткендеймін  
Жолаушыдай жол күтіп уақыт жеткен.

Адамзат ғұмыр кешер өмір өріс  
Өткеріп бірі ісі оң, бірі теріс  
Нар жүгін арқалатып кеткеніңде  
Сағынышпен күн өтті уақыт тегіс.

Адасып қилы өмірді көргендеймін  
Жалғыздыққа шарасыз көнгендеймін  
Қиналғанда жүгіндім сабырыма  
Тауқыметті төзіммен жеңгендеймін.

Күт мені бақи дүние жайлауында  
Қол ұстасып бейіштің сай бағында  
Күтіп мені тұрғандай елестетем  
Мәңгілік мекеніңнің ар жағында.

Енді күтіп алатын кез келгендей  
Уақыт жетіп бар санам өзгергендей  
Адастырмай рухыңмен табыстырса  
Екі дүние аброй сол, шын сенгендей.

## Ақсақ киік

Ұқсатамын өзімді дала киік  
Табиғатын аралап қиял биік  
Дала төсі сыбырлап үн қатқандай  
Тамырларым жыбырлап кетеді иіп

Тауға шықсаң төменде жасыл өлке  
Шың биіктің басында киік серке  
Қарауылдап үйірін қауыптерден  
Құралайы алаңсыз жүрген ерке

Табиғаты еркіндік дала төсі  
Жүз құбылған замана өмір көші  
Кенеттен жарқ-жұрқ еткен дауыл нөсер  
Дүлей күштен табиғат шықты есі

Шошынып безді киік шоғырланып  
Қалғандаймын сол сәтте есім ауып  
Ес жинап мейрім нұры – күнді іздедім  
Адасып өзім жүрмін киік бағып

Еркін дала киігі шошынбасын  
Таулы өлкеде қалаған ірге тасын  
Адасқан ақсақ киік маңырайды  
Жан дүниесін күйретіп дауыл басым

Қатерлі сәт шошынған шықпас естен  
Ақсақ киік секілді бастан кешкен  
Оңашада қиялдап ерік берем  
Киікке ұқсап далада еркін өскен

Ақсақ киік аңдап басып дала төсін  
Жалғызсырап жия алмай шыққан есін  
Қам көңілді өкпелеп тағдырына  
Шығарып сап тұрғандай өмір көшін



---

## **Ана назы**

Жаншыған ой түбіме жеткендей ақ  
Оңашалап қиялым оймен жырақ  
Сақтаймың ой өрісін ақ қағазға  
Кінәм болар күдікті туар сұрақ

Кей сәтте қиналамын кінәмді іздеп  
Ізгіліктен аспадым иман тілеп  
Парасатты ұлағат мақсат еттім  
Наз көңілім аналық кетсе жүдеп

Өмірде кісілікті тарту еттім  
Анасымын ортада жүрген көптің  
Шанырақтың тұтқасы ата-ана  
Дарыған ұстанымы ата тектің

Сықақшыдан тілейтін ана назы  
Ана деген тіршілік көктем жазы  
Ене-келін-күйеулер ара қатыс  
Анамен бала өзі әділ қазы

Ата дәстүр жан ұя ішкі тәртіп  
Ұяттан өртенгендей сөздер артық  
Ана қорлап күдікті ой туғызар  
Тәрбиеме ортада тұрған толқып

Өз анам деп келіндер тең көрмейді  
Күдікті етіп ене атын өң бермейді  
Келін-ене, күйеу-ата, мен әже  
Ойландырар жан барма сендейлерді

## **Лажым жоқ ойланбасқа ұрпақ жайын**

Жарық дүние тіршіліктің иесі,  
Кешірім ет қара жердің киесі.  
Фәни дүние бұл жалғанның өлшемі,  
Кеткеніңше мәңгілікке тиесі.

Әр жылдың тіршілігі төрт мерзімді,  
Толғантар алды-артыңды ой сезімді.  
Кемелденген ұлағатты анамын  
Артық деме бұл аналық сөзімді.

Лажым жоқ ойланбасқа ұрпақ жайын,  
Оңынан туса екен деп күн мен айын.  
Жалынам құдіретіне жаратқанның,  
Ана рухым өлсемде тұрса дайын!

Кешіріммен қарашы жастарыма,  
Кемшілік көп жастықтың астарында.  
Мың бір атты пәлеңнен қорғай жүрші  
Мезгілсіз қаза берме қас қағымда.

Түрлі кезең тағдырды көргендеймін,  
Қолдауына Алланың сенгендеймін.  
Шарлаймын бұл өмірден дерек іздеп,  
Келеңсіз қорқынышта жүргендеймін.

Бұл сөзім кейбіреуге бәрі ерсі,  
Бірін бірі танымас ауыл, көрші.  
Бақталас, бәсекелес жайлап алған,  
Адамның санасы улы, сөзге сенші

Басқан қадам, артық сөзге кешірім,  
Алла берген ішіп жедік нәсібін.  
Кінәсіз адам болмас бұл дүниеде  
Біз білмес жазуы көп іс жасырын.

---

Екінші бөлім

*Қиылы қилы тағдырлар мен  
өмір өткелдері*

## Қыз ғұмыры.

Келеді Жансел ойдың құшағында  
Еске алып қыз ғұмырын өр шағында  
Кезең асып келеді содан бері  
Бұлдыр өмір соқтырып әр сағымға

Басталарын кім білген бала жастан  
Өткеліндей қыз ғұмыр тағдырласқан  
Бал дәурен балалықтың тауқыметін  
Бағыттап қойғандай-ақ әуел бастан

Қыз еді әрі ашық, әрі аңғал  
Деректі өмір жазып сомдар  
Тауқыметті тағдыры әлі есінде  
Жанселге ұқсас өткен жандар

Бастауыштық ең алғаш білім алды  
Өрлеу сынып әртүрлі күйге салды  
Жеті жылдық сыныптан әрі асалмай  
Жанселдің алғашқы із бастаулары

Үйде жатты, интернат ашылғанша  
Ойдан қырдан жиналған бала қанша  
Көкнайза нан жегені, келі түйіп  
Бидай көже сылдырап қарын тойса

Ұмытылмас әркімнің бала шағы  
Алаңсыз асыр салған даладағы  
Түсініксіз сөздерге мән бермеді  
мақсаты үздік болу оқудағы

Жанселді саналы ойы жетелеген  
Қыз тағдыры талапты өтелмеген  
Анасы жыл аралап төсек тартып  
Тауқыметті тағдырын мықтап берген

---

Жалғыз қыз еді, анаға орны бөлек  
Басқа бала бір төбе, қызы дерек  
Ана мұңы ерекше қыз тағдыры  
Болжағандай тәңірден сұрап көмек

Зерек қызды үй тірлік жібермеді  
Болжау қиын өмірді күн ілгері  
Курс оқып, қыз есін жиғанынша  
Он алтыда өлді ана, бар білгені

Он алты жас тауқымет бейнет ауыр  
Әке жесір, жетілмей аға-бауыр  
Көз жұмарда тапсырып жалғыз қызын  
Қыз тағдырын сезгендей өте ауыр

Қыз бойжетіп өткенін ойға алар  
Естен кетпес ғұмырың есте қалар  
Әуестік сезім толқын болғанымен  
Кезеңі еді қол байлау салмақ салар

Жылай жүріп жеткенді он сегізге  
Ұқсап кеткен секілді бәрі егізге  
Ел жағдайы өзгеріп алға жылжып  
Бет бұрыс жасалуда тың негізге

Өмір көші түзеліп жыл аралап  
Аға үйленді сезімдерін бағалап  
Ерте есейіп еңбекпен араласқан  
Жанселгеде жігіттер жүр жағалап

Өзі сүйген жігітпен көңіл қосты  
Алда қандай белгісіз тағдыр тосты  
Ақ босаға аттаған келін болып  
Күткен еді ана аңсап мейір хошты.

Келін болды адалдан өзі ширақ  
Айтқанынан шықпады ана силап



Керегесі керіліп, отау құрды  
Шаңырағын көтеріп бақыт силап

Дөңгелетіп үй ішін меңгерді қыз  
Тату тәтті жарасып дәмменен тұз  
Сән кіргізді қызықты сәби күлкі  
Адам сенбес ызғарлы білінді сыз

Қызғанышты енеден сезік туды  
Жазықсыз жан жаралап ішкізді уды  
Анаға қарсы келу шектен шығу  
Оңашада көз жасы бетін жуды

Көрші қолаң туысқа жоламады  
Жолап кетсе келінді қаралады  
Берекесін алмауға үй ішінің  
Жарынада сездірмей даладағы.

Ширақтығы келінге сор болғандай  
Адалдығы кері әсер тигізді оңбай  
Анамен бала арасын ойлау қиын  
Дегенмен түсіне алмас ауыр жағдай.

Келінді өз ұлынан қызғанды ана  
Түсіндірмек ананы, сөкпеу ғана  
Күн тізбеге сыр шертіп жас тамшылап  
Сондада ана атына жаппай жала.

Естелігі Жанселдің көрген азап  
Болғандай ене өктем, келін мазақ  
Бала тауып үй салды жүк арқалап  
Жазықсыз өтті өмірі тартып тозақ

Күйеу айтар жаланы, ене атқарды  
Келін күтті шындықпен бір тоқтарды  
Шаңырақты шайқалтпай түсінісу  
Сонда ғана жарына сыр ақтарды.

---

Жасырғанмен жарыда сезіп жүрген  
Жазықсыз жала ауыр, жары сүрген  
Сезікті ана айтқан бір сөзінен  
Жары тартқан азапты сонда білген.

Ары таза екі жас қосылғанды  
Бір-біріне сенімді асыл жанды  
Келін тартып жазықсыз азатты ауыр  
Жүрседе дұшпан көзден жасырғанды.

Құшағына алатын адал жарын  
Көтерген қиындықты ана кәрін  
Қос жүректің сенімі ұлы қамал  
Шын махаббат жан дүние емдер бәрін.

Кезекті әр тағдырға қосыласың  
Даналардан қалған сөз тосыласың  
Алланың өзі құрмет еткен ана  
Кем болмаспыз деген ой болды басым

Енеде тауқыметті көрген ана  
Үш баласы баурында жеке дара  
Азғырын күш жесірлік тауқыметі  
Жабысқан дерт жүйкеге салмақ сала

Арам ойдан өршіген ауру дерті  
Қызғаныш боп лаулады ішкі өрті  
Сөге алмаған ананы налысада  
Ананыңда шерленіп кеткен еркі

Қаншама жыл сезбеген ауру дертін  
Келіннің ізін аңдып, ене еркін  
Көргісі келмейтұғын жан баласын  
Өткенінде сыр барма білмес бәлкім.

Жылдар өтті санаулы ілгерілеп  
Тәуелді боп келінге дерті үдеп

---

Қамқорлығын анадан аямады  
Кектенбеді ана үшін арын тілеп

Азаптап балаларын ана алжасты  
Жансел тартқан тауқымет жылдар ащы  
Адалдығын баланың Алла қолдап  
Бас игізген құрметті алтын шашты.

Өткенді жазу себеп Жансел сырын  
Кәзіргілер төзбестей, өткен бұрын  
Ананың жаманы жоқ баласына  
Жанұялық тұғырың ананы ұғын.

Қыз ғұмыр жазудағы тағдыр қатты  
Ұрпақ үшін ұлағат өмір атты  
Аяулы ана ес жиып, бата беріп  
Ризалықпен мәңгіге сапарлапты.

Қыз келінге қыз ғұмыр естелігім  
Ана деген қасиетті асыл ұғым  
Ақыл дария үлкеннің ұлағаты  
Көрегенді кәриялар еткен ырым.

Бастан кешкен ана шер өткен өмір  
Кінәлауға сөз жүйрік қалар көңіл  
Қыз ғұмыры бүгінгі қыз келінге  
Ақылдың кені керек болмас жеңіл.

Аналардың басынан не өтпеген  
Берсе еркін сөзбенен кім сөкпеген  
Ұрпақтарым сөкпеңдер аналарды  
Қарсы шықпа анаға сен өкпемен.

---

## **Ананың қасіреті.**

Есімханның сүрлеуі ертегі аңыз  
Қасымханда қасқа жол сөздік маңыз  
Ұлы дәуір бабалар дастан жыры  
Ертегісі бүгінге шындық нағыз.

Бір жігіт болған батыр, қызы сұлу  
Бар байлығы махаббат берген жылу  
Азап шегіп қорғансыз жетімдіктен  
Екі жас тұрақ таппай бірге тұру.

Тұрақтады қайрымды бір ауылға  
Қарсы алып, екі жасты жан бағуға  
Түсі игіден түңілме –дейтін халық  
Орналасты сенімді бар қауымға.

Жігіт аты Толағай, қыз Құралай  
Баурына тартты сеніп, жөн сұрамай  
Араласты үлкенін аға тұтып  
Жүкті болды Құралай жыл аралай.

Екі жас ел қатарлы отау құрды  
Жақсыға орын төрде, силады ұлды  
Құралайы қыз тауып, ауыл тойлап  
Тартқандайын жасаған үлкен сиды.

Осылай жылдар санап өте берді  
Ұмыттырып өткенін, қайдан келді  
Барымталық бір үлкен шайқастарда  
Кетуіне себепші жауын көрді.

Зұлым еді кектенген өте жауыз  
Сөз кезегі келгенде бірер ауыз  
Таластырған сұлу қыз жігіттерді  
Сол себепті қорғансыз қашқан ұл қыз

---

Толағайды әп-сәтте танып қалды  
Жасырынып үлгерді орман талды  
Айта алмады ауылға, намыс қысып  
Тартып алып кетердей сүйген жарды.

Аңдып жүрген жауыздар ебін тапты  
Жаугершілік бір кезең болды қатты  
Толағайда ішінде ұрыс майдан  
Аңдыған жау алмайма-көздеп атты.

Ауыл болып қорғады Құралайды  
Толағайсыз өткерді жылмен айды  
Жалғыз қызы көрікті Әсем сұлу  
Құлпырып күннен күнге құшақ жайды.

Күңгірт өмір кетіріп, еш өнбеске  
Айналмай кеттім деді –мен келмеске  
Сөз салғанға ақырғы сөзі осы  
Сол кезде қыз бойжетіп, келді онбеске.

Сұлу көрік қызға біткен, соры екен  
Қыз анасы өткеннен алар секем  
Құралай қыз тағдырын ойлағанда  
Менің тартқан азабым соқпаса екен.

Деген ана қыз көркін көрген сайын  
Алла ісі ғой басқарар адам жәйін  
Өз басынан өткенді қызына айтып  
Салмашы енді басыма қайғы уайым.

Деседе қыз аңдыған жігіт толды  
Үрейлі ана қорқыныш өмір жолы  
Қызының Еркін атты жігіті бар  
Жетпесіне көз жетті жігіт қолы.

Еркінді аңдып ауыл жігіттері  
Бірін бірі жиналып үгіттеді



---

Еркін жоқта қыз үйін торуылдап  
Масқаралау аулақта үміттері.

Сол мақсаттың сәтінде түскендейін  
Қараңғылық түн күтті, түстен кейін  
Аңдыды қыз далаға шығар сәтін  
Үн шығармай әкету, сайға дейін.

Ебін тапты жігіттер аңдыған жау  
Із қалдырмай артында болдырмай дау  
Таңға жақын қыз әлсіз есін жиып  
Қалдырдың деп өлтірмей несіне сау.

Деп қорланып қыз байғұс дала кезді  
Мына өмірден лайланған мүлде безді  
Ана қалды артында шашын жұлып  
Естілгендей зарлы үн, бәрін сезді.

Ізсіз кеткен қыз сорлы табылмады  
Анасына ұқсатты сөз қылғаны  
Құралайдың үміті үзілгендей  
Шорт сынды қайрат, жігер бойындағы.

Сұлу көрік шүберектей қуарды  
Екі жағы ішке кіріп суалды  
Шаш ағарып екі көзі жанарсыз  
Айрылды естен, ендігі өмір көр алды.

Айрылсада бар есінен бір сәуле  
Жаңылмаған жалғызым деп іздеуде  
Құдіретті бір сезім еш өлмеді  
Аналық кездесердей жүрек кеуде.

Жалғас өмір өте берді осылай  
Ана алжасқан аянышты тосын жәй  
Екі мұңлық екі айрылып алысқа  
Қыз тағдырын сөз етейік тосылмай.

Қыз сорлаған ар абройы тапталып  
Өлсем дейді, кезіп тау тас оқталып  
Кездесуден қорқып қашты ауылдан  
Тағдырына көз жіберді тоқталып

Күні түні неше тәулік жүргені  
Елден қашып, паналап тау білгені  
Әлсіреді күш қуаты таусылып  
Су сұраған тек сыбырлы үндері.

Көзін ашты, білмеді қанша жатты  
Арайлаған тау іші таңы атты  
Есін жиып, су іздеп қарманғанда  
Су бүркіп біреу отыр, асыл затты.

Қарындас қайдан келген періштесің  
Кезіктірген тау киік лағы дерсің  
Атым Кезбе тұрағым таулы үңгір  
Жарқыратып нұр сәуле ала кепсің.

Екенсің бір асылдың тұяғындай  
Болмасада күтейін тұрағым сай  
Таулы мекен, күн көріс аң аулаймын  
Зұлымдықтан аулақта, жүрсем деп жәй.

Әсем қызға жаңа өмір басталғандай  
Сенімсіз тағдырына алда қандай  
Аспаннан ұшып келген періштем деп  
Кезбеде сұрамады қыздан жағдай.

Осылай уақыт зулап өте берді  
Сездірмей жүкті екенін байқап көрді.  
Ойына алып қасіреті ұмытылмас  
Ізі қалған зұлымдық түнек түнді.

Анасы тіріме әлде өліме екен  
Шылқымасы белгілі енді шекең  
Дегеніме ескеріп жалғыздығын  
Құрсағына бердіме, бол деп бекем.

Айтпасада қыз жәйін жігіт білді  
Алдарқатып әзілдеп кейде күлді  
Сөйлеспекке қызбенен ашық айтып  
Шешпекке тағдырласып ортақ тілді.

Ашық айтты жігітте сұрап шындық  
Әкесі қайда айтшы, бұл не сұмдық  
Қасіретіңді жасырмай білдірші деп  
Жігіт жаны ауырған болды құлдық.

Әсем бәрін ақтарды жасы парлап  
Ана қалған артында жалғыз зарлап  
Ар намысым жібермей айналуға  
Сіздей жанға кезіктім Алла қолдап.

Тоғыз ай толықтырып ұлы туды  
Ұмыттырып қасірет өткен шуды  
Әкесі мен болайын рұхсат етсең  
Таулы өлкеде шыр еткен аты Үнді.

Бас қосып ауыл тірлік жағалады  
Егіз дүние өмірді бағалады  
Үнді бала ержетіп жігіт болды  
Мергендігі көзге атар жобадағы.

Зор денелі тұлғалы Үнді бала  
Ерекше әке қамқор болды дара  
Ата-ана жігітке тілек етті  
Әжені іздер ұрпағы сенсің ғана.

Алыс жолда сыналмақ жігіт бағы  
Мекен жәйі белгісіз алыстағы

Қыдыр ата жаныңда бірге жүріп  
Қолдай жүрсін көк тәңір ғарыштағы

Сайланды бала жігіт алыс сапар  
Қолдай ғәр деп аулақта ием жаппар  
Аттандырып ата ана ақ тілеумен  
Құлыным жолың болып міндетті атқар

Ата-анасы Үндісін аттандырды  
Санасына сіңіріп барлық мұңды  
Торы атқа қамшысын сипай салып  
Айлар салып араға қанша жүрді

Балада ұзақ жолдан қажығандай  
Кездесетін алдағы ауыл қандай  
Жолаушылап ай кезген, ауыл іздеп  
Алыстан көрінді оттар жарық шамдай

Жас бала бір лебіз от бергендей  
Күпті көңіл әжесін бір көргендей  
Ауыл шеті бір үйге кіріп келді  
Іздегені табылардай өңмеңдей

Ассалаумағаликум ата ізгі  
Жолаушымын із кезген құла түзді.  
Құралайдай әжемді іздеп келем  
Оналты жыл бұрынғы уақыт күзгі

Сәлем берген жас бөрі төрле төрге  
Әжең сенің құр бекер түспес көрге  
Өмір бойы Әселін іздеп келед  
Сезгені ана жүрек түспе өңбе.

Дегенде Үнді бала боздап берді  
Ақтарып ана тартқан азап шерді  
Мен әжемді көрейін аташым деп  
Ақсақалды құшақтап, сүйді жерді.

---

Шаршағанын ұмытып тағат таппай  
Ауыл болып іздеді бәрі жаппай  
Бір ағаштың түбінде мұңын шағып  
Хабар күткен тыңшыдай, әруақ оқтай.

Отыр екен әжесі құр әруақ  
Әселім деп күңіреніп бір уақ  
Ана жүрек сезінгендей селк етті  
Төбесінен құйылғандай нұр шуақ

Уа-Құралай сені іздеп балаң келді  
Дегенде әже ессіз сұлап берді  
Көтеріп ап әжесін немересі  
Екі жетім күңіrentті аспан жерді.

Біраз күн әже әлсіз есін жиды  
Күңіренген көз жастың бәрін тиды  
Ана жүрек құдіретін ұмытпаған  
Алласына ризалық төкті сиды.

Екі ана тау құздарды аңыратты  
Ауыр толқын соққандай өмір атты  
Ана жүрек құдіретін Алла қолдап  
Төрт ғасырлық төрт жүрек таңы атты.



## **Адасқан тағдыр.**

Жігер ойлап өткенін өкінішті  
көзден жасы сорғалап, қайғы ішкі  
өкініші өртеген онбес жылдық  
Есесін алып ғұмыр запыран құсты

Жігермен Әсия қыз бірге өскен  
Сыныптарда бірге оқып, өмір кешкен  
Ауылдан түлеп ұшты білім қуып  
Жоғарғы оқуғада бірге түскен.

Басталған қызықты өмір жастық шағы  
Жалғасып қол ұстасты сезім бағы»  
Айналып дос көңілі махаббатқа  
Басталып қызбен жігіт қимас шағы

Бақыттың құшағында қызбен жігіт  
Сенімсіздік болмады арада үгіт  
Үш жылда бір-бірінсіз тұра алмады  
Сыр болмады жасырын қалған бүгіп

Екеуі бірін-бірі қатты сүйді  
Кім ойлаған алдағы қасірет күйді  
Кезекті шақырылған бір жиында  
Қызған жігіт еріксіз алды сиды.

Аз күн өтіп ғашықтар кешірісті  
Ойлантпады құмарлық алдағы істі  
Аяғы ауыр болғанын қызы сезіп  
Қуанышын жеткізбек сенім күшті.

Шошығандай жігіті қуанбады  
Басқандай өкініштің бар салмағы  
Ата-анаға айтуға, қолы қысқа  
Тұрмысы ауыр кедергі тұр алдағы.

Әке ауру, келмейтін тұрмыс жәйін  
Түсіндірмек дәл қазір емес дайын  
Баланы алдыр деді, ақша беріп  
Дегенде қыз қорланды көрген сайын.

Қыз ызалы баланы алдырмады  
Бір ұшып басынан кетті бағы  
Алыстады екі жас түсініспей  
Қыз қайтты ата-анаға ауылдағы

Біреу ай өтті жігіт ұмытқандай  
Жігіт қалды қалада жасап жағдай  
Маңдайына жазылған қызға үйленді  
Жазасын тартатынын білмеді оңбай.

Жастық шіркін өткенін ойлатпады  
Сайран салған күн ғой деп бойдақтағы  
Бір перзентке зар болған оншақты жыл  
Түсті еске бақытты дәурен шағы.

Әсиялар ауылдан кеткен көшіп  
Баласы күннен күнге келеді өсіп  
Ұстаз болды ауылдың мектебінде  
Мамандықпен күн көріс етті кәсіп.

Тұрмыс құру ойда жоқ енді тағы  
Тарқамады ішкі дерт өткен шағы  
Жігердей адал жігіт болмас дейтін  
Сенімнен шошығанды өшкен бағы.

Зарығумен әйелі болды жүкті  
Естігенше дауысын көңіл күпті  
Шыр еткен сәби даусын ести алмай  
Көз жұмды ана қоса, сезбей түкті.

Жігерде әуес болды ішімдікке  
Жеттім деп жылай берді өзім түпке

---

Әсияның көз жасы текке кетпес  
Табалаған сөз шықты түрткі көпке.

Аз болғандай көрешек әке өлді  
Көнбеске шарасы жоқ, бәрін көрді  
Ана дымкәс әкемен қоса кетіп  
Тек жібермес көз жасын енді сенді.

Ішімдіктен өнбеске көзі жетті  
Талқан болып өмірі азып кетті  
Күйеуге тиседағы Әсиядан  
Баласын сұрамаққа ниет етті.

Таба алмады екеуін жылдар бойы  
Әсияға жалынбақ ақырғы ойы  
Үмітін үзе алмады, табу мақсат  
Кешірсе Алла, басталар өмір тойы.

Көп жылаған көз жасын Алла идірді  
Өкініші Жігердің жан күйдірді  
Әсияның алдына құлап түсіп  
Шарасыздық жағдайын шын білдірді.

Ұқты қыз жігіт жәйін қасірет шеккен  
Мерейлі қыз тағдыры тұрған өктем  
Рухсат етші баламды бір құшайын  
Деген әке арманы еді тілеп өткен.

Қалған дейтін Әсиянын бағы жанбай  
Адамзаттың басында түрлі жағдай  
Жан ұясын тапқандай өз орнынан  
Баласын құшып сүйген исі қандай.

Бала жасы онбесте Сабыр атты  
Бала алдында әкелік күнә жатты  
Кешірісіп өткенін ұғынысып  
Сағынысқан махаббат сақтап қапты.

Адасқанда айып жоқ қате сезген  
Ұлағатты сөз қалған әуел кезден  
Тағдырына риза қолдаушы Алла  
Адастырған өткелден сүйеп келген

Адасқан тағдырлар көп өкінішті  
Ғұмырлық бұзған қамал бекіністі  
Қате басып өмірде өкінбейік  
Махаббатта адалдық сенім күшті.



### **Туған дала тағдыры**

*Аңсадым асыр салған туған жерді  
Мақсатыма жол түсіп, сәті келді  
Көңілімнің жүйткіді сәйгүлігі  
Әп-сәтте туған дала шешті теңді*

*Бас иіп сәлем бердім туған дала  
Балалықпен қоштасып кеттім дара  
Аңызды құзды шыңың, таумен тасың  
Сырына қана алмай тарих шала*

*Ойсыз өткен балалық дәурен куә  
Бітпейді қиял үміт, адам туа  
Кеш оралған балаңды өзің кешір  
Туған дала күнәмді келдім жуа*

*Тамашалап келемін сай саласын  
Тарихын суреттеген өр даласын  
Табиғаты сұлулық иесіндей  
Тастан ойып мүсіндеп жер жобасын*



Шегіне жете алмай сұлулықтың  
Өрмелеп жартас тауға әзер шықтым  
Қалың орман, сай сала-байлық көзі  
Тереңдегі туған жер сырын ұқтым

Ол кездегі елінің байлығы еді  
Бүгінде құлазып тұр аспан көгі  
Мәдидің қасіретті іздері көп  
Жаугершілік кезеңнің қорған шебі

Құпиялы табиғат терең сыры  
Есіз қалған дүние болмас құны  
Қырық жыл бойы атомның уың сепкен  
Күнгірт тартқан даланың тарих мұңы

## **Туған жер – сексен жылдық білім орда**

Жастығымның куәсі туған жерім  
Еңбек жолым алғашқы төккен терін  
Күн тізбе жазбасындай дәптердегі  
Естелік түрлі кезең өткендерім

Қазақ түрлі қасіретті бастан кешкен  
Зиялылар өмірде жанбай өшкен  
Ақтабаннан шұбырып ес жиған ел  
Аштықта жеген құйқа кетпес естен.

Ара ағайын бір құртын бөліп жеді  
Сол қасірет күндерді көрген көбі  
Жұмыла алға жылжу, ауыл болып  
Ортақтасып құрылды колхоз шебі

Еңбекші елге бастама сауаттану  
Дәптер, сия болмаған бәрі зәру  
Кірпіш құйып үй салып, мектеп ашып  
Ұлы дүрмек ауылда білім алу.

Жері байдың елі бай дейтін ұғым  
Туған жер томдық тарих ашсаң сырын  
Күйзелген ел тағдырын қолға алып  
Ауылдағы ұсталық болған мығым.

Біз білмейтін алғашқы білім сала  
Төтенше әріп тану жазу ғана  
Ел жағдайын көтеру ұрпақ үшін  
Біліммен жетілдіру нақты шара

Орнатып білім орда бағандарын  
Сауатты іздеп ұстаз мамандарын  
Ден қойып білім беру сапасына  
Бақылатып ұстаздар қадамдарын.

---

Басшылық кезеңінде Қожа Асқар  
Оқу ісі жанданып жаңа жоспар  
Ауылда еңбек-білім бірге ұштасып  
Түлеп ұшты білімді кілең жастар

Сауаты мол кәрі жас атқа қонды  
Білім сала жанданып тапты қорды  
Бүлдіршіні сол кезде есік ашқан  
Бүгінгі ұстаз-сексен жыл ашты жолды

Алғашқы бастауышта ұстаз маман  
Қиындықты меңгеріп басты қадам  
Шайза, Мұқан, Несіпбай бастауымен  
Толықты жылдан жылға білімді адам.

Бұл жетістік келмеді тектен текке  
Жетімсіз кез, өткенге жоқ қой өкпе  
Темірхан, Мырзахандар ағайынды  
Ұстаздық мамандықпен таныс көпке.

Қабдырашит, Нүрила, Қамаш жолы  
Естелік көп бүгінге гибрат толы.  
Қазиза, Жұмабике, Тома ұстаз  
Болашаққа өрлеген білім қоры.

Ерте дүние тарихтын сырын ашқан  
Еңбегі ерен Ырымтайдың үлес қосқан  
Түлектері бүгінде ізін басып  
Туған елде ұстаздың жолын тосқан

Арқалықтың түлегі кілең басшы  
Дарын мектеп жүйелер алға басты  
Білім негіз саласын нығайтуда  
Напталұлы Қайырбек даңқы асты

Білім жолы бастауы әліппеден  
Қадам басып өмірге қаққан шегең

---

Шайза, Сара, Күләштар бастауышта  
Қанаттарын қатайтып түлеттірген.

Айта берсек талайдың еңбек жолы  
Еңбекпен ұштастырған мерей толы  
Түлеп ұшқан аулымның мақтаны көп  
Ғалымдар көп атақты оңмен солы.

Жастар келді ұстаздық білім шыңдап  
Дәріс беріп ұшырды түлек жылдап  
Жанұялы жұбымен Қайыркен, Мысыр.  
Елге аян еңбегі келген тыңдап.

Өрледі білім сала жылдан жылға  
Ие болды жүлдеге үлкен сында  
Алтын бесік Ақ орда-сексен жылдық  
Құрметті ғалымдары мақтан тұлға.

Дипломмен ауылға бастамасы  
Бүгінгі өз түлегі – жас шамасы  
Сағынышпен оралған ауылына  
Ертеңгі жүз жылдықтың ақ қарасы.

Ауылымда мерей той тарқамасын  
Рухты Баба елі-Алты алашым  
Мәди әні, Тәттімбет күй толқыны  
Әуенімен тербесін кең даласын.

## Қазақ болған осындай

Қазақ еді үлкендері кеңескен,  
Ауыл маңы табылатын дөңестен.  
Үлкенінің алдын кеспей иіліп,  
Жастарында сөз болмайтын егескен.

Ауыл жәйін ақсақалдар басқарған,  
Ізгілікті талап еткен жастардан.  
Қызға тиым қырық үйден дегендей,  
Қыз өсіріп құда тапқан достардан.

Қазақтың термелеген жыры дастан,  
Даналары елінің басын қосқан.  
Әр қадамға сәттілік бата тілеп,  
Құрметті қариясынан ақыл тосқан.

Үлкен сыйлап, құрметтеп пірі тұтқан,  
Именген қыз бен келін үлкен жұрттан.  
Ошағынан аттамай үлкен үйдің,  
Кісілікті сыйластық ұрпақ ұққан.

Кеңес дәуірі қазақты қаралады,  
Қараңғы деп қазақтың балалары.  
Бабалардың даналық сөзін бүгін,  
Негізге алды білімнің салалары.

Бабалардан сөз қалған мәңгі құнды,  
Әділдігі қақ жарған қара қылды.  
Мәңгілік ел, Тәуелсіз Қазақстан,  
Қасқайып қазақ рухы биік тұрды.

Абылай асқан асу бел дастан жыры,  
Ашылмаған тереңде құпия сыры.  
Тіл құдыреті семсердей, дін ізгілік,  
Тарих шежіре ұлы асу белес қыры.



---

Қазақ жұртым болыпты дәл осылай,  
Кең жайлауы мыңғырып төрт түлік сай.  
Жетімменен жесірін баурына алып,  
Жомарт қазақ атанған ұлтыма сай.

Қариясын таба алмайсың бұрынғы,  
Қамықтырған айтсам сөкпе сырымды.  
Мол дария қазына - қария дейтін,  
Жоғалтып алғандаймыз сол ырымды..

---

## Екі дүние арасы

Ғұмыр шіркін өтпейді ойлағандай,  
Белгісіз алдағы өмір әлде қандай.  
Адасып бұлдыр сағым арасында,  
Жолаушыдай жол тосып тұрған жаңдай.

Ойланбасқа лажың жоқ, заман озық  
Біз өткерген кезеңнің бәрі тозық.  
Ілгерілеп келеміз уақыт зулап,  
Ескінің қиқымындай қалған тозып.

Өзгерді адам сенбес өмір салты  
Бұлда шығар сынақты тағдыр талқы.  
Бүгін барсың, ертең жоқ, қас қағымда  
Мұсылмандық кешірім ата салты.

Фәни жалған жарық дүние бәрі кең,  
Уақыт зулап өтіп жатыр түспен тең.  
Мың күн жұмақ орнына бір күн жарық  
Деседе бақи дүние ақырғы дем.

Сұлу келбет табиғат тербеп сезім,  
Қиял қуып тебіреніп жүрген кезім.  
Қысқа ғұмыр жалғандық жарық дүние  
Кінәлама болса егер артық сөзім.

Салыстырып көз салсаң өткеніңе  
Тұрғандайсың екі өмір өткелінде.  
Басқа түссе баспақшыл дегендейін,  
Бұлдыр сағым өмірмен шектелуде.

## **Ғұмыр желісі.**

Жазу тағдыр ғұмырдың желісіндей  
Тағдырың шарасыздық келісілмей  
Өлшеп берген ғұмырың нысаналы  
Кезекті тартқан садақ жебесіндей.

Сабырлы ақыл, тағдырға басты құрал  
Сонда ғана ұстамды жүйке шыдар  
Ұрпақ үшін бүгінгі азапты дерт  
Жүйке тозып, жан қию содан шығар

Кезеңді кінәлаймыз уақыт озған  
Бүгінде заман емес, адам азған  
Жүз құбылған дүние, сананы улап  
Құларыңды сезбейсің биік құздан.

Бүгінгі тағдырыңның азабы осы  
Бәсекелес тұзағы болды досы  
Көлеңкелі өмірмен араласып  
Сиқырлы өмір силаған көңіл хошы

Өкпелеме ұрпақтар тағдырыңа  
Соқтықпаңдар өмірдің әр қырына  
Қолдың кірі бір жуған байлық мансап  
Бағынбасқа шара жоқ-деу шынында

Тағдыр осы-ұзақ ғұмыр желісі  
Өніміңнің өзің екен жемісі  
Жазулы тағдырыңа сене білу  
Ақыл кені адамзаттың жеңісі

---

Үшінші бөлім

*Поэзия Әлемі*

Мен сыяқты толып жатыр ақындар  
Өз ойыңды ашық айтар қақың бар  
Сөзден өлең жеңіл дейді ақынға  
Қара өлеңнің ауылына жақындар.

Көрегенді ел іші көсем дейтін  
Тапқыр сөздің жүйрігін шешен дейтін  
Сол ақиқат шындықтың кепілінде  
Поэзия әлемде жүрген кейпім

Ұшқындайды көкірегімде көрігім  
Басылмаған жарыс аттай желігім  
Ұрпақ үшін зерделіге ой салар  
Иманыммен ізгілігім серігім.

\*\*\*\*\*



---

## **Өлеңім –жан қуатым.**

Өкінішсіз болмайды өткеніңде,  
Тіршіліктің салмағын өткеруде.  
Өрістете алмадым сені шыңдап,  
Қалдырып өкініштің өткелінде.

Бағдарлаған іздерімді қалдырдым,  
Белесінен кезең асып, сан қырдың.  
Адам айтса нанғысыз өзгерді өмір,  
Сырын ұқтым қилы-қилы тағдырдың.

Тағдырымды өзіңменен жалғадым  
Түсінбейтін көп екен ғой тармағың.  
Сеніменен ой толғап зерікпедім,  
Кешірші, түсіп кетсе бар салмағым.

Алдандым ой қиялмен өлең өріп,  
Оқшауландым аз ғұмыр саған сеніп.  
Ойға шомып отырам, жалғыз өзім,  
Жан досым, ұзамашы, сенсің серік.

Әлсіз жүрек, уақыт озып қуардың,  
Нәр азығым шөлікесем суардың.  
Өміріме азық болған тағдырым,  
Сен оралсаң пікірлесіп қуандым.

Адасып қалатындай мен қорқамын  
Келгенде уақыт жылжып жер ортаның.  
Өмірге құштар етіп сен ояттың,  
Төрешісі өзің боп топ алқаның.

Шабыттансам жаныма нәрлі азық,  
Ой зердем отырғандай бәрін жазып.  
Оңашада сыр шертсем сеніменен,  
Жаным жайсаң, кең жайлау, кеудем жазық.

---

Ұлғайғанда мені тастап кетпеші,  
Көкірегімде көктем гүлі көктеші!  
Мәңгі сапар кеткенімше өмірден,  
Жол айрықта тұрғанымда сөкпеші.

Ойлап кетсең тұңғиық түбі терең,  
Құлазыған келеңсіз сәттер көрем.  
Алдарқатып ой бөліп қағаз-қалам  
Көзкөрген қатарым жоқ, кімге сенем

---

## Фариза поэзия елінде

Өлең сөздің патшасы Фариза ақын  
Шыншылдығың турашыл елге жақын  
Ұмытылмас мәңгілік ақын қызы  
Шырқалған әсем әуен Фариза ақын

Замана мұңмен шері өлеңінде  
Ер мінезді, қайратты тұрды өңінде  
Өлеңнен өрім өрген падишасы  
Мәңгі тірі поэзия әлемінде.

Арқалады поэзия теңдерін  
Жүзді ақын түріп етек - жеңдерін  
Ақынның бар ғұмыры өлең – жыры  
Қалдырған мәңгі өшпес зор еңбегін.

Поэзия толқыны тереңінде  
Ақынның өшпес ізі өлеңінде  
Фариза ақын өлмейді мәңгі тірі  
Рухы биік асқақтап тұр тегінде.

Фариза қыз, сүйікті аңыз-Муза!  
Әнін шырқап тебіренер әнші Роза.  
Мұқағали жырлаған падишасы-  
Ұмытылмас еліңде рухың қоса.

## **Бала Жамбыл**

Тума дарын иесі құдірет күші  
Аян беріп ұлы Абыз көрген түсі  
Тыныштығын кетіріп мазасыз жәй  
Тегінде бар қасиет қонған күші

Ана сүтін емізген құрсағында  
Жолығып ақ бұлақты тіл ағында  
Есік ашты өмірге, көзі жайнап  
Тірілтіп жамбыл ата әруағында

Ұрпағы атын қойған жамбыл ата  
Атын текке алмаған (үрпек бота)  
Ақиық мұқағали ақын ағаң  
Арқалы тектілерден қонған бата

Жастай бойын билеген намыс ары  
Тіл құдіретін оятқан бабалары  
Бала жамбыл тірілтіп ұлыларын  
Жалғады тектіліктің рухтары.

Бала Жамбыл отты тіл лапылдаған  
Жоспарлы болашаққа басқан қадам  
Сақтасын көре алмас сұқты көзден  
Сақтай жүрсін асыл тек рухты бабаң.

Ата-ана сезгендей бала сырын  
Сақтандырып өте жас өнерлі ұлын  
Жамбыл ата тіріліп келді өмірге  
Қарсы алуда үміткер қазақ ұлын.

Бала Жамбыл шешен тіл иегері  
Ақын тілін ел қалап сүйсінеді  
Нұрсұлтан атаңдай бол әлем таныр  
Болашақтың ертеңгі кемеңгері.

---

## Селт еткізген сәт

Ілгерілеп жас келді, уақыт озды  
Жас ұлғайып шаршаңқы көңіл тозды  
Ой сергітіп қолға алсам қағаз қалам  
Мінгендей шылбыр тартып шаңқан бозды

Серпіліп шықтым өмір қырқасына  
Ризалық бергені көп бір басыма  
Кезеңінде жүргенде ауыр өткел  
Селк еткізген кезіктім бір жасынға

Сол сәтте жарқыраған сәуле түсті  
Ақынға керегі осы қолдау күшті  
Әлсіреген қайратым селт еткендей  
Оянғандай жан дүнием ойым ішкі

Шабыттың шалқарына шыққандаймын  
Өмірдің қилы сырын ұққандаймын  
Ілгерілеп кетсемде арқам қозып  
Күресте қарсыласты жыққандаймын

Ақынның ой өрісі жаста емес  
Ширықтырар қарсылас-басты егес  
Халықтың қолдауынан күш алатын  
Тіл құдіретін оятар шабыт белес

Сезімнің мазасыздық күйін кештім  
Шабытымды ширатып жыбын естім  
Құшағыма алау гүл толған сайын  
Сәні болып тұрғандай осы кештің

---

**Сен ғана .....**

Ой өрісті өмірде қалықтадым  
Уақытпен жарысуда жалықпадым  
Өлеңіммен өнердің кілтін ашып  
Ұзартып ғұмырымды толықтадым

Дауа таптым дертіме ой өрісті  
Тағдырма ризалық ең келісті  
Уақыт таяп қалсада, өткел кезең  
Көңіл жүйрік ойлатпай оң терісті

Байланбадым кәрілік желісіне  
Әліде араласам ел ісіне  
Ой тербеген анамын ақын жанды  
Халқы қолдап жеткені жеңісіне

Сен ғана ұққан жанымды  
Сұрайтын біліп халымды  
Ізгілік жолы иманым  
Өнерім өлең нанымды

Құлазып кейде көктемім  
Оныда сендер сөкпегін  
Шырмауынан шыға алмай  
Келмейді әлі шектегім



---

## Толқынды ойлар

Ойлап кетсем толқынды толғаныс көп  
Кешір халқым ойларым түспесе дөп  
Туып өстім бабалардын елінде  
Бес Бошаннан тараған рулы тек

Ойлансам ширьғамын отбасқандай  
Шабытым жігерленіп от шашқандай  
Сырлас достар сапарлас жол серігім  
Қағаз-қалам асу бел бірге асқандай

Қайраттансам ой өріп шешілгендей  
Есілдің қайығымен есілгендей  
Алып ұшқан ұшқыр ой жетелейді  
Тұлпарымен жастықтың көсілгендей

Ізденіспен дамыған ой өрісім  
Төрелейтін халқым бар оң терісін  
Мен жетпеген биікке ұрпақ жетер  
Сынауадамын әліде жетсе күшім

Сондықтан кітап жаздым ойлы санам  
«Қайық етіп қағазды, ескек қалам»  
«Кешіп ғұмыр қиялдың қанатында»  
«Өткен күннен бір белгі»-тастап барам

Ана жүрек ұрпаққа естелігім  
Сендердіңде атқарар өмір жүгің  
Аналық құдірет күші жан тербеткен  
Арнап отыр сезімнің ақтық жырын

Қиялдың қанатында ой жетелеп  
Тура тартып келемін жол төтелеп  
Ауыр жүкті қалдырам жиіп терген  
Ұстай білсе мұрамды тек мәпелеп

---

**Сеңгірлі 80 жасқа  
(Қанағат)**

Құтты болсын сеңгірлі 80 асу  
Ұстаз әке кемеңгер ғұлама асу  
Туыс туған ұрпақтар қошеметі  
Бергеніне ризалық ырза шашу

Ағаға берді Алла бақ дәулетті  
Қамқоршымыз жеткізген бақ әулетті  
Бейнетсіз Алла берген жасын жаса  
Бірге жасап жеңгеймен сән сәулетті

Өсіп өнген ұрпақты ұл-қыздары  
Немереден шөбере құндыздары  
Алтын ұя жарасқан аға-жеңгем  
60 жылды алқымдап дәм-тұздары

Елге таныс ағайдың еңбек жолы  
Марапатты атаулы күнге толы  
Ел ағасы бүгінде жаны жомарт  
Адалдықпен абыройға жетті қолы

Өткеріп қилы тағдыр өмір жүгін  
Өзгерген заманалық кезең бүгін  
Ұстазы бүгінгінің ұлағатты  
Ұрпаққа сара жолда жалғау жібін

Денсаулық сұлу көрік кәрілікте  
Атақ абырой биіктеп шырқау көкте  
Еңбегіңіз өтеліп зейнет жаста  
Ұрпақ өскен байлықты бермес текке

Берген жасын жасаңыз елге өнеге  
Ел ағасы ұлағат ой тереңде  
Төреші бол ақылшы, ұрпақ үшін  
Ақыл кенін ойлантқан кең көлемд

---

Өсе берсін із басар ұрпақтарың  
Бойға қуат беретін жігер жалын  
Жаңа күнмен баршаға қуат берсін  
Ел бірлігі ойланып халық қамын

Т/б қарындасы М. Жұмашқызы

**Ерекшелеп ғұмырын өлшеп берген.  
Айткүл Мақсұт қызына.**

Бейбіт күнде қорқыныш неткен ауыр  
Қысқа ғұмыр шектеулі туыс бауыр  
Алла ісіне не шара қолдан келмес  
Батпан жүк арқалатып кетседе ауыр.

Мәңгі сапар бүгінгі қырық күнің  
Қойнауында қара жер өшті үнің  
Қол бұлғап қош айтысқан жолаушыдай  
Боздатқан ұмытылмас қасірет күнін

Келдің-кеттің өмірге аққу ұшқан  
Қысқа ғұмыр өлшеулі жастық құшқан  
Естелік мінездерің естен кетпес  
Қарс айрылған көкірек сағыныштан

Өмірге құштар едің зерек жолың  
Биікке жеткізбедің созған қолын  
Тағдырдың тауқыметін арқалатып  
Алдыма өзі, жасаған сүйген құлын

Ізгіліктің жолында саналы өскен  
Туыс-туған жүгініп ақылшы еткен  
Талаптың тауын шағып тас талқан  
Асыл жанды аямас тағдыр неткен

---

Жаның сұлу естелік мәңгілікке  
Айта жүрсін деп берген өмірлікке  
Сүйген шығар жасаған өзі қалап  
Алла берсін сұрағын жеңілдікте

Бақилық мәңгі сапар есік ашқан  
Сәбиің күтіп алсын мейір шашқан  
Шапағатты сәби нұр анашым деп  
Құшақ ашсын айқара сені тосқан

Ұмытылмас естелік өмірдегі  
Өлшеулі ғұмыр шіркін шегінбеді  
Сусындат кәусәр сулыбұлағыңнан  
Жұмағын бер пейіштің төріндегі

Ағайын құлақ салшы сөзіме зер  
Егіз дүние біреуі сұм қара жер  
Мезгілсіз қаза берме ұрпақтарға  
Бергенінді көпсінбей қайырын бер.

Апасы Мәйда



### **Боздақтарым кетуде гүлдей солып**

Бұл жалған тарылғандай ойланғанға  
Тірілердің өзі өлі бүгін таңда  
Адамзатқа жазғандай қысқа ғұмыр  
Тыныштық болмай қойды-ау шыбын жанға

Соның бірі Қаныбегім жайдарлы  
Жарқың бейнең ұмытылмай ойдағы  
Бөлектемей өз анаңдай көруші ең  
Көз тидіме сұқты көздер қайдағы

Қос аққудай жарасқан айдын көлде  
Қалай қидың Жазиды тастап шөлге  
Адастырып мәңгілік қиып кеттің  
Орның толмас сен шығар биік төрде

Қаныбегім ақ көніл жаның таза  
Өмірге құштар болдың қолың соза  
Қыршын кеткен боздағым ұмытылмас  
Лайықпа еді дәл саған осы қаза



Өмір ағыс дауыл күші соққандай  
Есеңгіреп артта, қалдық бізде оңбай  
Сене алмадық жолаушысын күткендей  
Неткен тағдыр аямастай бұл қандай

Аңқылдаған жайсаң жүзді елесің  
Аямаған тағдырыңа не дерсің  
Сен армандап шықпай кеткен белеске  
Сүйреп шығар, ұрпақ өмір кемесін

Қыршын кетті боздақтар гүлдей солып  
Ағайынға қамқоршы ең жүрген шолып  
Қараңғыдан қорқытпай шырағын жақ  
Екі дүние абройға бірдей жолық

Айлар өтті үнің кетпей құлақтан  
Жеңілдік бер бақый дүние сұрақтан  
Амалыңды оңынан бер жазатын  
Орын берші бейіштегі жұмақтан

Еріксіз қимасамда қолды жаям  
Тән рахаты жаннатта болсын саяң  
Қимас достар есінде ұмытылмас  
Азаматы абройлы елге аян

Жетпей кеттің өмірдің өресіне  
Жазу осы жан бөлек күресуге  
Тек артының қайырын бере гөрші  
Сөзің өтпес жалғыз хақ төрешіге

Енесі Мәйда



---

Төртінші бөлім

*Шәуелсіз елім*

## Ұлы жеңіс жетпіс жыл.

Тәуелсіздік елімнің тойлы жылы  
Басқарған қазағымның тұңғыш ұлы  
Ұлы жеңіс жетпіс жыл құтты болсын  
Өтелген кеткенінің барлық құны

Ұлы жеңіс ту тіккен жетпіс жылдық  
Ұрпақтарға аңыз жыр өткен сұмдық  
Қан майданнан оралмай ер азамат  
Жұртта қалған аналар мәңгі мұңлық.

От кешті қанды қырғын Отан үшін  
Ерлеріміз жұмсады ақтық күшін  
Бүгінде ұрпақтары мақтан еткен  
Майдандағы әкелер ерлік ісін.

Ұлы Жеңіс жетпіс жыл ұрпақ өсті  
Ынтымақты бірлігі түзеп көшті  
Мәңгілік ел Тәуелсіз Қазақстан  
Дұшпанынан қайтарып алды өшті

Ұлы дәуір қазақтың хандығында  
Бесжүз елу-жыл тарих сандығында  
Ұлы шайқас жер үшін хандық дәуір  
Жаңғор-қалмақ қытайдың жарлығында

Жетті бүгін бабалар сөзі өлмей  
Ұлт намысы оянды оты сөнбей  
Абылай асқан асулы белестермен  
Қазақ деген ел шықты биікке өрлей

Қарулы күш қорғаны әділ заңы  
Сапқа тұрған сақшылар Отан бағы  
Ынтымақты бірлігі нығаюда  
Егеменді Тәуелсіз атқан таңы.

---

## Қос мереке елімнің мерей тойы

Жиырма беске келіпті тәуелсіздік  
Президент күнімен құрдас жылдық  
Құттықтаймын қос мерей ұлы тойды  
Ортақ тағдыр жұптасқан өмір шындық

Екі тағдыр бір ордаға тоғысқан  
Кезіктіріп асау толқын ағыстан  
Президент тәуелсіздік жыл құрдас  
Мәңгілік ел бейбіт өмір табысқан

Нұрсұлтан Әбішұлы ұзақ жаса!  
Ел тілегі ден саулық абырой қоса.  
Көптен күткен қазақтың Тұңғыш ұлы  
Алғаш келген өмірге есік аша.

Бүгінде мақтанышы, мерейлі елі -  
Саясаткер бірліктің еңбек ері.  
Ұлты үшін маңдайға берген бағы,  
Жасай берсін халқымның кемеңгері!

Елбасы қиындықты жеңіп келді,  
Халық қолдап бүгінде нақты сенді  
Тәуелсіз ел президенті дара тұлға,  
Жиырма беске келтірген біздің елді.

Биылғы бәрі егіз тәуелсіздік  
Жалғасып президент күн бәрі шындық  
Мәңгілік ел қатарға сапқа тұрды  
Жиырма бес жыл бүгінгі келген теңдік

---

## Ұлы серпін

Көк байрағы көгінде желбіреген,  
Қазақтың рәміздерін негіздеген.  
Аспанында қыраны қалықтаған,  
Шаңырақтың түндігін бабаң түрген.

Алаш ұлы танытты қазақ елін,  
Көз тіктірген Сарыарқа байтақ жерін.  
Ұлылардың ұлы ісін ұрпақ жалғап,  
Мәңгілік ел ұрандап бастап шебін.

Жоспарлы биіктеген өрге саты,  
Тәуелсіздік даңқымен шыққан аты.  
Қазақпын деп оянды ар – намысы,  
Дініміз бен ортақ тіл ата салты.

Ілгерілеп келсемде ойым еркін,  
Шабыттанам көргенде ауыл көркін.  
Сәулетімен дәулеті бірдей дамып,  
Болашаққа «Нұрлы жол» ұлы серпін.

## Алып қала – Астана

Алып қала қарашы сәулеттенген,  
Ғажабына бүгінгі кімдер сенген.  
Егеменді Тәуелсіз жүрек дүрсіл  
Соғып тұр Астанада күмбезді үйден.

Күмбезінен шуақ шашып, нұр төккен,  
Аспан нұры Бәйтерекке су сепкен.  
Алтын орда Хан шатырда бас қосып,  
Астанамыз жас болса да сыр шерткен.

Жарқ етті сарыарқада Алтын орда,  
Жеткенше не көрмеді, осы жолда.  
Алып қала атанды шаһарымыз  
Сұқты көзден сақтай гөр, өзің қорға.

Әуелеген Астанада жыр десте,  
Түйткілің жоқ, көзің көрді сенбеске.  
Ынтымақты бірлігіміз жарасқан,  
Сызып қойған болашаққа жол кесте

Жеделдетіп қазірде өсу қарқын,  
Жетілдірген ғылыммен істің нарқын.  
Хан шаһар ертегідей болған шындық,  
Көз жеткізіп сендірген бүгін халқын.

Елім деп Алаш ұлы алға шықты,  
Күмбезіне орнаған айшық шықты.  
Қазақ үшін оятып ар-намысын,  
Көк байрағы төрінде орнап шықты.

Бір сөзбен жеткізе алмас қала көркін,  
Таңғалдырып әлемді байтақ еркін  
Жылма-жыл ел басының жолдауымен  
Орындауда Елбасы берген сертін.

## **Заманы мен адамы**

Алатау, асқар Алтай шыңды қия  
Қазақтың қыран құсы салған ұя  
Кең байтақ қазақ жері Сарыарқасы  
«Мәңгілік Ел» деп жазған Алтын сия

Қазақтың қиыры алыс өте терең  
Бола жаздап қалдық-ау, мүлде керек  
Бойлауға сол тереңге ойым таяз  
Жеткенімше тебіренем жазып өлең

Естен кетпес адасқан 70 жылдық  
Мың өліп, мың тірілген болды сұмдық  
Бездіріп ата салты, дәстүріңнен  
Қазақ атын өшіріп болды құлдық.

Сөз жүйелі дұшпанды бағындырған  
Әлімнің хаты өлмеді дастан жырдан  
Өткен ғасыр аңызы бәрі шындық  
Жайсаңдарға ертерек қақпан құрған

Торға түскен азулы ер қыршын кетті  
Қолдан жасап зіл-зала ауыр дертті  
Байтақ жері Сарыарқа көз тіктіріп  
Дұшпандықпен жіберді қалың өртті.

Сол өрттен талайлардың оты өшті  
Есеңгіреп жинады әзер есті  
Бүгінде кеткен келіп, кемтік толып  
Ел мерейлі өркендеп халқы өсті.

Бейбіт ел егеменді тәуелсіздік  
Қазақ елі айқара ашты түндік  
Бой ұсындық Алланың қақтығына  
Бір құдырет күш барын енді білдік.



Азап шекті қазақ тіл күрсінгендей  
Тарихты ғасырларға жүрді сенбей  
Қаза білген ұлы елдің қазынасын  
Құдіретті алып күш, терең деңгей.

Қазақстан мәңгілік қазақ елі  
Сұқты көздер қадалған байтақ жері  
Бір құртын бөліп жеген отты жылдар  
Көп ұлт пен бауырласқан жомарт тегі.

Бар ұлтпен ел бірлігі бауырласты  
Іздемеді аңдысып дұшпан қасты  
Көшбасшы Елбасымыз Алаш ұлы  
Бейбіт күнді тілеуде аспан асты.

Тәуелсіздік келмеді тектен-текке  
Бейнелі көк байрағы желбіреп көкте  
Ел үшін жанын қиған қаһарман ер  
Тіл қанжарын сермеген мәңгүрт көпке.

Қыршындардың қанымен жазылды ұран  
Қазақпын деп қасқайып тұрды қыран  
Оққа тосып кеудесін есерсоққа  
Сескенбей қаһармандар тапсырды жан.

Түрлі азаптан бұл қазақ болды қорқақ  
Бой көтерді жастары намыс ортақ  
Ел есінде Желтоқсан қанды сойқан  
Аюандарға есерсоқ болды айтақ.

Қаһарман ерлер рухы биік төрде  
Шешілмеген талай сыр жатыр теңде  
Судай аққан қанымен боздақтардың  
Орнады Тәуелсіздік біздің елде.

Бүгінде бейбіт өмір, жерім байтақ  
Көп ұлтты ынтымақты елім ортақ

Жоғары деңгейлі ел қатарына  
Қосылды дәулетті ел жолын байқап.

✓ Дәуірледі бүгінде сәулелі елес  
Тілсіз сөйлеп беріп тұр ақыл кеңес  
Әлеммен тілдестірген кез келген сәт  
Дамыды техникалық алып күрес.

Таңғажайып әлемде өзгерді өмір  
Меңгере біл - қолыңда сөйле төгіл  
Тәуелсіз Қазақстан байлық көзі  
Қазына толы қойнауы ағыл-тегіл.

~~✓~~ Бүгінде тіл дәстүрім шарықтады  
Ұлтымның ұзақ болғай берген бағы  
Қасиетті ізгілік, имандылық  
Ұлтым үшін дін мен тіл «Патша тағы».

✓ Елбасқарар адамы дана болғай  
Ұрпақ өссін көргенді өршіл болмай  
Ата-баба тілегі осы емес пе  
Заман тыныш, ынтымақ бірлік болғай.

Заман емес, өзгерген адам басқа  
Қолы жеткен қаратпай кәрі жасқа  
Заман басқа болғанмен Ғұмыр қысқа  
Алдамшы өмір, тимесін маңдай тасқа.

## Бесінші бөлім

### *Сарманшайдың -300 жылдығы.*

---

## Арнау

Кезекті сөз берілді арнау ауыр  
Армысыңдар тілектес туыс бауыр.  
Алдарында кәрі ана шығып тұрған  
Ел қалаған ақыны Доскей ауыл.

Сәлем бердім баршаға үлкен кіші  
Ұлыларын ұлықтау ұрпақ ісі  
Ұлы дәуір көшпенді ел тағдыры  
Ұрпақтарға ертегі көрген түсі.

Бесжүз елу жыл биыл Қазақ хандық  
Ертегідей жеткізген бізді таң ғып  
Мәшһүр Жүсіп айтқандай қайдан білсін  
Алаша хан арғы ата қоршау қарлық

Естіген ұлылардан сөз қозғайын  
Айту қиын ол кездің күнмен айын  
Бізге жеткен ертегі аңыз тарих  
Алаша ханмен Уыз хан бірер жәйін

Алаша хан Алаштың түп нұсқасы  
Негізсіз сөз тумайды ең қысқасы  
Уыз хан Алла атымен ашқан есік  
Өнер сайыс, кигіз үйде от басы

Алашпын деп Қазағым ұрандады  
Азаттықта оққа ұшқан қырандары  
Бүгінгіге жеткізген ұлы теңдік  
Тілеп кеткен бабалар армандары

Ғалым Әлкей Марғұлан көп зерттеген  
Қазақ алғаш тас қашап күн шектеген  
Қазынасын қопарып ұлы дәуір  
Ұлылардан ұлағат сөз көптеген

---

Қазақтың түбі бірге бір ұядан  
Дастан жырлар шежірелі әр қиядан  
Тектіліктің тамыры терең жатыр  
Естісеңіз өткенді қариядан.

Деректерге сүйенсек жазба аңыз  
Ақтабан шұбырынды кезі нағыз  
Батыр тұлға Сармантай асулары  
Қалмақ қырған атауда-сөздік маңыз

Әбілқайыр, Әбілмәмбет, төресі Жәнібек ер  
Бөгенбай, Шындәулетпен тоғысқан жер  
Келіс сөзде кеңесші ру басшы  
Сол ұрпақтан тараған рулы елі.

Ертегісі хан тәңір өткен шындық  
Батыр жырлар оқыдық, өмір құлдық  
Ел дауымен жер дауы-ұлы шайқас  
Сол кездің Шындәулетін айтам жыр ғып.

Қызыл тілім жеткенше жазып арнау  
Ұрпақ тербеп өсірген байлап қолбау  
Тарих шертер жыршыдай құқығым жоқ  
Кезекті сөз айтайын болса қолдау.

Шындәулет деп азан сап қойған аты  
Деректерге сүйенсек жазба хаты  
Еркелеткен әкесі Сартайым деп  
Атауда рулы ел Сармантай аты.

Ресейлік келісім жіктеп кеткен  
Қарсы шыққан отаршыл болды өктем  
Кенесары хандықтан Абылай асқан  
Заманында қуғындап шет ел өткен.

Сол кезеңнің батыры ел мақтаны  
Тарих дастан қалдырған ел ақ таңы

---

Ұлы шайқас тарланы Шындәулет би  
Ұлы тұлға жорықта шыққан шаңы.

Әбілқайыр хандармен би төреші  
Би болысқа құрметті даңқ өресі  
Шындәулеттен тараған рулы тек  
Ұрпағынан сөз етем мен келесі.

Бұтақ жайған бәйтерек Арғын баба  
Жаз жайлау думанды той, толы саба  
Жеті рулы атаны қозғасаңыз  
Тонның ішкі бауындай жеңмен жаға.

Сол арғыннан тараған Мейрам сопы  
Үшжүздік шежірелі санау шоты  
Қуандық, Сүйіндігі бәйбішеден  
Қарға тамыр дейтұғын тарихты оқы.

Толғандырар Сармантай арнау жыры  
Қилы тағдыр тауқымет терең сыры  
Әр ұрпақтың өшпестей тағдыры бар  
Уақыт жетпес талдауға тойда ұлы.

Үшжүз жылдық Сармантай асын бермек  
Алыс елден сағынып туыс келмек  
Бабалардың тарихын еске алып  
Түрлі сайыс думанды ұлы дүрмек.

Қазақ хандық замана асу ғажап  
Мың өліп, мың тірілген ұлтым қазақ  
Еркіндікте ұлысын ұлықтаған  
Сармантай рулы елге айтам мадақ.

Қуандықтан тараған текті ата  
Батыр, шешен, көсемдік үлгі орта  
Есіл мен Нұра бойын қоныстанған  
Сарыарқаны жайлаған таулы жота.



---

Сармантайдан Өмірзақ өскен әулет  
Байлық қонған атақты, ырыс дәулет  
Жылқы біткен онжетімың Жұман байға  
Құрметтеген ел жұрты барлық әулет.

Біржан сал айтқан екен Қуандықты  
Көрсетіпті кезінде жуандықты  
Ақ қошқар Сайдалының заманында  
Бір көлден қырықмың жылқы суартыпты.

Сол Қуандық баласы Қарпық-Алтай  
Алтайдан Мойын тарап өскен шырқай  
Аралбай-Сармантай-Өмірзақ батыр  
Жаугершілік заманда салған айқай.

Таныссам Өмірзақ-Үкі шежіре жырын  
Төрт ұлдың бір ұядан білдім сырын  
Отаршылдық қысымның қуғынынан  
Ұрпақтары ұзаған Қытай –Қырым

Талай ұрпақ жан сауға шет ел асқан  
Тауқыметті тағдырды кешті бастан  
Бектұрым, Байтұрым, Көптұрымдар  
Ұрпақ үшін үлгі етер жырлы дастан.

Бүгінде сол ұрпақтар өсіп өнген  
Екі елара табысты туған жермен  
Оқыған атақ даңқы ғалымдар көп  
Текті ұрпақпен табысты бүгін келген.

Өмірзақтан Тәшмолла әулие абыз  
Баласы Әбілхасен дуалы ауыз  
Бір атаның тектісі Әлімшайқы  
Емге дәру шипагер елге аңыз.

Берілді Тәшекеңе - мешіт аты  
Ұлыларын құрметтеу елдің салты

Ас берілмек жүз жылдық әулиеге  
Жебей жүрсін жалғасқан жұрағатты.

Жұманның бел баласы Тәти абыз  
Тектілік текке кетпес айқын нағыз  
Үстемдік билік құрған Қоқан хандық  
Құдияр ханмен Тәтиден бірер аңыз

Қоныс мекен іздеумен Тәти шыққан  
Құдияр ханды тапқырлық сөзден ұтқан  
Келісімге келтірген сөз байламды  
Хан мәнісін ескермей, уәзір ұққан.

Тәти шешен тапқырлық сөз шебері  
Уәзірбайқап қалғандай кім не дері  
Хан төрінде төселген үлкен кілем  
Сөзге тиек болғандай бір себебі.

Барма осындай еліңде үлкен кілем  
Хан сұрағы-қонақтан пейілі кең  
Жер көлемін Сарыарқа даласындай  
Үлкендігін көрсетіп кілемге тең.

Бұйымтайын сұраған Құдияр ханға  
Тапқырлығы жұмбақты-сөзін барла  
Қолтығыңа ал, үш арыс ел жұртым бар  
Шет қонсам, жинап берем, берсең жалға.

Тәти сөзін құп алып келісіпті  
Естілген сөз, уәзірге болды күпті  
Үш арысы үш жүздік қалың жұрты  
Ұтылғанын ханға уәзір білдіріпті.

Хан тақсыр ордаң ойран, халқың азар  
Қоныс етпек үш жүзге күнде базар  
Деген Уәзір-Тәтиді қуа шыққан  
Орта жолда у беріп, жетті ажал.

Аһ ұрды аңғал батыр алдау соққан  
Ажал шіркін келмеді атқан оқтан  
Деді де, қоштасты би ел жұртымен  
Өкінішпен тоқтады жүрек соққан.

Осындай батыр тұлға өршілі көп  
Ерназар-Алшағырлар айтулы тек  
Қайратын жанығандай жауға қайрап  
Ұрпағына жауынан алсын деп кек.

Шөбересі Байдәулет Доскей ақын  
Тумысынан өнерге болған жақын  
Құрмет белгі ордені, өнердің қайраткері  
Елі сүйіп көтерген атақ даңқын.

Жамбылдай ақындардың Доскей бірі  
Топ жарған айтыскерлік ақын ірі  
Ыбрай, Шөже, Біржан сал, Ақан сері  
Ортасында шыңдалған сөзі тірі.

Тауқыметін өмірдің жастай тартқан  
Көрген азап жетімдік жанға батқан  
Тағдырдың жетегімен ерте есейіп  
Шыңдалған шайыр ақын, сөзі оқтан.

Онбес жастан атанған Доскей ақын  
Дүбірлі аламанда жазған тақым  
Сармантайдан тараған өрендері  
Кілең әділ төре би-айтсаң атын.

Көтерген ел еңсесін соғыс жылда  
Дем беріп еңбекші ел, ауыр тылда  
Қара алтынды байлығын Қарағанды  
Ерлерін асқақтатып қосып жырға.

Арқаның құла түзде Төскейі еді  
Ақынын ардақтауда Доскей елі

Мерей тойын әр он жыл қарсы алып  
Ақынын тірілтер еді, келсе кері.

Тәуелсіздік орнаған Ұлы далам  
Әлемге әйгіленді Қазақ балаң  
Қой үстіне боз торғай жұмыртқалар  
Ынтымақты бірлікпен еркін заман.

Қазақ ұлты жинады етек жеңін  
Әр қазақтың шежірелі білді тегін  
Дінмен тілді, дәстүрлі салт сананы  
Ұлы басшы кемеңгер келтірді ебін.

Тәуелсіздік еліміз асқақтаған  
Бабалардың ізі бар бағыттаған  
Орнаған жоқ бейбіт күн тектен-текке  
Қазақстан – Мәңгілік, жомарт далаң.

Әулие-әмбиелер, батыр-төре  
Тектілердің ұрпағы биік өре  
Үш жүз жылдық Ұлы той қабыл болсын  
Ынтымақты Алты алаш елді жебе.

Бабалардың тарихын ұмытпайық  
Дінмен тіл, дәстүр салты болсын лайық  
Рухты бабаларың жебеп жатар  
Ұлыларға тағзым ет, қолды жайып.

---

Алтыншы бөлім

*Жаңа әндер*



### **Ауылым**

Ауылым әсем сәулетті  
Береке ырыс дәулетті  
Жалғастырып ата салт  
Өсуде ұрпақ әулетті

### **Қайырмасы**

Ауыл ғой сәнім  
Ойға алсам бәрін  
Ұрпақтар шырқа  
Ауылдың әнін  
Ауылым дархан  
Қарбалас әр таң  
Білім мен еңбек  
Шыңдалған ортаң

Созылған сұлу шоқылар  
Табиғат ана бақылар  
Бар керегің ауылда  
Жоғынды ізде, тауып ал

### **Қайырмасы**

Дүбірлі еңбек атырабы  
Жайлауы думан шақырады  
Сағыныш қой ауылдың  
Асыр салған топырағы



---

## **Жұлдызды қала**

Атақты Қарқаралы Шайтан көлі  
Мәдидің қалықтаған ғасыр шері  
Бас қосып ақын-жырау сал-серілер  
Қоянды жәрменкесі аңызды елі

### **Қайырмасы**

Өзен көл шалқар  
Тау киік арқар  
Тарихың өшпес  
Ғажап қой ағар  
Сұлулық көркің  
Тіл жетпес айтар  
Ежелгі аңыз  
Дастанды байқар

Мәди әні шырқалған Қарқаралы  
Сұлулықтың сұлқымын арқалады  
Биік шыңы мұнарлы бұлт қоңдырып  
Мәди салған әніңдей Арқадағы

### **Қайырмасы**

Қарқаралы сұлулық көркі дара  
Табиғаты көз тоймас әсем дала  
Жасыл желек жамылып тау мен тасы  
Жарқыраған жұлдызы жанған қала

### **Қайырмасы**

Кешегісі-бүгіні шоқ жұлдыздар  
Айта келді өткенін жырмен ызғар  
Сілкініп Қасым келді туған жерге  
Оянды өткен тарих ғасыр жылдар

## Туған жерім аймағым

Туған жерім аймағым  
Ағызған ырыс қаймағын  
Табиғатың көз тартып  
Бүлдірген, шие сай- бағың

### Қайырмасы

Мұнарлы Балқан  
Ән орда ортаң  
Сұлулық келбет  
Шың-құзды арқаң  
Шыңында биік  
Арқар мен киік  
Табиғат ана *қайтанды*  
Сұлулық жиып

Тәттімбет <sup>тәр</sup>күй төккен  
Әуенді сазы тербеткен  
«Балқан тауы» шырқалып  
Жүсіпбек, Илья әндеткен

### Қайырмасы

Созылған тау жоталы  
Ерекше тарих атаулы  
Ұрпағымыз Қазыбек би  
Көркейген елім қатарлы

### Қайырмасы

Тоғыз жолдын торабы  
Жайқалған егін алабы  
Туған жердің байлығын  
Ұрпақтар жалғап барады

---

## **Шынарлы туғаным**

Орындаушы Асқарова Майгүл

Шынар биік туғаның  
Саялы мекен жыр бағын  
Бірге туған бауырлас  
Бірліктін-туы ел шағын  
Құрсағы асыл анадан  
Мейір шуақ тараған  
Тегінде бар тек кетпес  
Сөз асылы данадан

### **Қайырмасы**

Туғандарым-ай  
Жаны жомарт бай  
Сендер барда сезінем  
Төрт құбылам сай

Тенеу жетпес бауырға  
Асырсап өскен ауылда  
Ел ағасы бүгінгі  
Сыйлы ел-жұрт қауымға  
Қымбат туыс асылы  
Өмірдің көп тосыны  
Үйтқысы бірлік аналар  
Ескере біл осыны

### **Қайырмасы**

Мақтандарым-ай  
Ақ тандарым-ай  
Шабытымды шалқытып  
Жыр ақтардым-ай

Ақыл кені ізгілік  
Жылжиды уақыт күн тізіп  
Алдамшы мына жалғанда  
Жалғауын туыс, алма үзіп  
Туған биік шынарың

---

Бауыр етің сынарың  
Сегілмесін жұбымыз  
Тәңірден осы сұрарым

**Қайырмасы**

Туғандарым-ай  
Жаны жомарт бай  
Сендер барда сезінем  
Төрт құбылам сай  
Мақтандарым-ай  
Ақ тандарым-ай  
Шабытымды шалқытып  
Жыр ақтардым-ай

## Көзкөргенім асылым

Сөзін жазған М. Жұмашева  
Әнін жазған Қ. Мерсалимов

Музыкальдік ноталар мен ән сөздері бірігіп берілген. Ән сөздері төмендегідей:

Не жетер бірге өскен көзкөргенге,  
Айқара есік ашып кез келгенде.  
Сағынып өткен күнді еске алсам,  
Өзгеріп сала берем бір көргенде.  
Көзкөргенді іздеп, қиялмен жүз кеп,  
Толқиды жаным назды әуен тербеп.  
Сағыныш сазым тебіренген шөлдеп,  
Қиялдап тұрмын сендерді іздеп.  
Қиялдап тұрмын сендерді іздеп.

Не жетер бірге өскен көзкөргенге  
Айқара есік ашып кез келгенде  
Сағынып өткен күнді еске алсам  
Өзгеріп сала берем бір көргенде

### Қайырмасы

Көзкөргенді іздеп  
Қиялмен жүз кеп  
Толқиды жаным  
Назды әуен тербеп  
Сағыныш сазым  
Тебіренген шөлдеп  
Қиялдап тұрмын  
Сендерді іздеп

Көтердік ел тағдырын қауымдасып  
Жеңдік біз қиындықты алға басып

Кешегінің көзіндей сыйластарым  
Ұмыта алмай келеді қиял ғашық

### **Қайырмасы**

Іздеймін көзкөргеңді бәрі қимас  
Өткеннің елесіндеі орны толмас  
Алтынның сынығындай асылдарым  
Жарасқан әзіл-қалжың едік құрдас

### **Қайырмасы**

Кезеңнен бірге асқан қимастарым  
Ұлағат парасатпен ақыл дарын  
Жол айрық өткелінде тұрсақтағы  
Қиял көктеп елестер өткен шағың



## Ұландарым сарбазым

Сөзін жазғандар М. Жұмашева

Д. Билялова

Әнін жазған Қ. Мерсалимов

Жүгері Bm Ebm F

1 Бо - ла - шақ - тың шы - ңы - на тү - леп ұш - қан, Кү - зет - те түр

F7 Bbm Abm Bb7 Ebm

сар - ба - ңар жа - лың - да - ған, Е - лі у - шін шың - ғал - ған қы - ран - да - ры,

Gb C7 F Bbm Ebm

Қор - ғау у - шін О - та - ның ұш - қан құс - тан, қ - сөз: Ұ - лан - дар - мыз ор - ле - ген,

Ab Db Gb Ebm G7

О - та - ны - на ант бер - ген, Мәң - гі - лік ел бо - ла - мыз Тәу - ел - сіз - дік ел де -

F7 Bbm Ebm Ab Db Gb

ген. Ұ - лан - дар - мыз ор - ле - ген, О - та - ны - на ант бер - ген. Мәң - гі - лік ел

Ebm Bbm F Bbm

бо - ла - мыз Тәу - ел - сіз - дік ел де - ген.

Ebm Bbm F7 Bbm

Тәу - ел - сіз - дік ел де - ген.

Болашақтың шыңына түлеп ұшқан  
Күзетте сарбаз, аңдыған дұшпан  
Отан үшін шыңдалған қырандары  
Қорғаушы шекараны ұшқан құстан

### Қайырмасы

Ұландарым өрлеген  
Дұшпандары сенбеген  
Мәңгілік ел боламыз  
Тәуелсіздік ел деген

---

Қанат қағып түледі сарбаздары  
Білім шыңдап оянған намыс-ары  
Жоспарлы іс, мақсатты сенім алда  
Күтіп тұрған Нұрлы жол асулары

**Қайырмасы**

Ұланымыз болашақ қырандары  
Отан үшін ант берген ұрандары  
Ұлт намысын бермеген Қазақстан  
Мәңгілік ел бірлігі құралдары

---

## **Әкешім**

Орындаушы Қаныбекұлы Елдос

Тоқтады жүрек сағатың  
Таусылды ойлап тағатым  
Өзіне ұқсап жүрсемде  
Әкешім жоқ-ау өз атың  
Қамқоршы едің әкешім  
Әке деген ұлы есім  
Өзің берген тәрбие  
Болды бізге демесін

### **Қайырмасы**

Әкешім қорған  
Өмір-ай жалған  
Көтердік сенсіз  
Тағдырды салған  
Өмірді өрдік  
Бәріне көңдік  
Орнында әке...  
Анашым сендік

Әкешім асқар белесім  
Жүргендей өшпес елесің  
Қайраңда қалды-ау қайығы  
Сүйредік әкем кемесін  
Өзің боп тұрдым кезекке  
Тепкендей болды өзекке  
Үйткені сенің орнында  
Мен тұрғаным себеппе

## **Сыйқырлы сезім.**

Сөзіңе қалай сенемін  
Басқаны сүйем дегенің  
Екеуміз жүрген көшеде  
Өкініш өртеп келемін

### **Қайырмасы**

Көріктім-ай  
Қалайша сеніппін-ай  
Тулаған асау жүрек  
Несіне еліктің - ай

Жанарың оттай жайнаған  
Сиқырлы сезім айналаң  
Қалайша ғана ұмыттың  
Жүректі сезім ойнаған

### **Қайырмасы**

Алдамшы сәт жалын ба?  
Арбалған менің шағымда  
Оятып кеткен сезімді  
Қорламашы тағы да

### **Қайырмасы**

---

## Мазасыз ойлар

Ойлар мені деміктіріп сүйреме  
Отырғам жоқ тербетіліп күймеде  
Сені қуып жете алмадым- тереңсің  
Соқтықпай – ақ, жүре берші үндеме

### Қайырмасы

Шаршатқан- ой  
Тауқымет қой  
Ой - теңіз,  
Тереңдесең тұңғыық қой

Күзгі аспан түстес, ойлар торлайсың  
Серпілтпейсің соңымнан бір қалмайсың  
Тауқыметі адамзаттың сенсіз де  
Жетерлік қой, өшің бар ма, қоймайсың

### Қайырмасы

Ойлар мені жетелейсің қиянға  
Бәрін жисам кең кеудеме сияр ма  
Еріксіз ақ қағазға жүгінемін  
Жинақтап, тұрғандай-ақ ой қиянда

## **Сезбедім қалай мен бұрын**

Көз тоймаған көркіңе  
Бағынбай барады еркіме  
Санаулы күндер қалғанда  
Жеткізбей кетті-ау, сертіме

### **Қайырмасы**

Мұнданып жүрек  
Қамықты жүдеп  
Құлазып көктем  
Іздедім тірек

Төгілген сұлу, қос бұрым  
Сұлулық берген күн нұрын  
Жаныма салдың өшпес дақ  
Сезбедім қалай мен бұрын

### **Қайырмасы**

Жаралы жаным жасыған  
Кеткенің сезбей қасымнан  
Кездесер жерге келмеуің  
Күткенің бар-ау, тосыннан

### **Қайырмасы**



---

**Бөбектер әні.**  
(балалар күніне)

Бал-бұл жүзі жайнаған  
Күлкіге толып айналаң  
Бүлдіршіндер алаңсыз  
Бақыт күнін тойлаған

**Қайырмасы**

Сәби күлкі сәніміз  
Әлди жыры әніміз  
Бесік жырын мәңгілік  
Ұмытпаймыз бәріміз

Күміс күлкі сыңғыры  
Төгілгендей күн нұры.  
Ақ бесікте тербелген  
Бал бөбегім, қыр гүлі

**Қайырмасы:**

Алаңсыз өссін бөбектер  
Әжелер бізді өбектер  
Бұлт торламай аспанын  
Шаттыққа толсын жүректер

---

## **Қымбат-ау, өмір өткелі.**

Орындаушы Қаныбекұлы Елдос

Толқиды өмір өзені  
Күткендей қайық кезегі  
Соқтықпай өтсе толқынға  
Қымбат-ау, өмір өзегі  
Құлпырса гүлдер екпелі  
Өмірдің қуат сепкені  
Егіздеткен бар дүние  
Қымбат-ау, өмір өткелі

### **Қайырмасы**

Өмірдің өзегімен  
Келеміз кезегімен  
Өлшеулі өмір қымбат  
Болсада дүние кең

Келмейді өмір тегінге  
Жалғауын тапса кейінге  
Биіктен құлап сүрінсең  
Өкпелеп жүрме өмірге  
Әрқилы өмір өткелі  
Алыста қия шеткері  
Жалған дүние алдамшы  
Қымбат-ау өмір өтпелі.

### **Қайырмасы**

---

## Кембағалдың мұңы

Туғаннан болған кембағал  
Дәрмені жоқ жанбағар  
Қол мен аяқ икемсіз  
Кінәліні кім табар  
Өмірге келдім несіне  
Сонда да бердің несібе  
Көрмедім ана мейірін  
Ілестім тағдыр көшіне

### Қайырмасы

Жазғанға көндім  
Келмейді өлгім  
Сыйлаған өмір,  
еліме сендім

Домалаттың қаңбақтай  
Қол жаюлы-жан жоқтай  
Өлмегенге өл балық  
Ғұмыр кештім міз бақпай  
Жүргендеймін қиырда  
Іздеушім болмас жуырда  
Алдарқатып өзімді  
Соған да жаным дән риза

## **Наурыз көктем**

Қош келді наурыз жыл ерке  
Жадырап көктем келді ерте  
Дүбіріннен оянған  
Тіршілік әуен күй шерте  
Жана күнмен жыл басы  
Жыл он екі ай құрдасы  
Жоралғысы бабалар  
Жоспарындай елбасы

### **Қайырмасы**

Төрле-төрле жана күн  
Жаршысындай жана үн  
Ескі кетіп, жанарып  
Тенелді бүгін күн мен түн  
Төрлете шық төріме  
Тасытып ырыс елімде  
Желбіресін көк байрақ  
Мәңгілік қазақ жерінде

Мерекелер бастауы  
Қыз көктем ана қоштауы  
Ел тілегі ынтымақ  
Ырысқа толса астауы  
Қыз көктемі наурыз  
Береке бақша бауымыз  
Көк тәңірі нұр төгіп  
Жібіді жер-су тауымыз.

### **Қайырмасы**

## Қасиет қонған елім.

Сөзін жазғандар М. Жұмашева

Әнін жазған Қ. Мерсалимов

БАЛТАНАТТЫ.

С

Em Dm G C B E<sup>7</sup>

5 Am Dm B E<sup>7</sup> G<sup>7</sup>

9 С Қ-СЫ: Dm B E<sup>7</sup> Am Am<sup>7</sup>

13 F G<sup>7</sup> Em A<sup>7</sup> F G G<sup>7</sup> C

1. Аясында самал жел,  
Рухы биік мерейлі ел.  
Құт береке дарыған,  
Қойнауы толы қалың ел!

### Қайырмасы

Қасиет қонған жерім,  
Жігерленген сенім.  
Шуағына бөленген,  
Асқақтай бер елім!

2. Ілгері басқан қадамы,  
Еңбекте іскер адамы.  
Ордасы ұлы тектілер,  
Киесі ұстап қаданы.

### Қайырмасы

---

3. Арқаның биік төрінде,  
Кең жазира жерінде.  
Ынтымағы жарасқан,  
Қасиет қонған еліме!

### **Қайырмасы**



---

## Мазмұны

Пікірлер.....	3-4
Сөз бастауы.....	5
Сезім туындылары.....	6-24
Қилы-қилы тағдырлар өмір өткелдері.....	25-50
Поэзия Әлемі.....	51-64
Тәуелсіз елім.....	65-72
Сармантайдың -300 жылдығы.....	73-80
Жаңа әндер.....	81-100

Теруге 10.11.16 ж. Пішімі 64x92 1/16. Қағазы офсеттік.  
Қаріп түрі "Вердана".  
«ФормаПлюс» баспаханасы,  
Қарағанды қаласы, Молоков көшесі 106/2.  
Тел.: 8 (7212) 40 03 73, 40 03 72.



*Ана жүрек алыптардың алыбы  
Бар әлемді сизызардай қалыбы  
Шыбын жанды шүберекке түйіп ая  
Иіп тұрған жүйе жүрек тамыры*

*Ана жүрек жарқыраған таза алтын  
Алла ғана шешетін ана нарқын  
Өмір-өзен қаусары ана бұлақ  
Алла қойған тіршілік Ана атын*



*Жалағыз аққу көңіде шұңайтасын*